А.Маслоудың гуманистік бағыты психологияны қосымша ойлар мен болжамдар жиынтығымен толықтырды. Ол өзін-өзі жүзеге асыруды өзінің таланты мен қабілеттерін, мүмкіндіктерін толықтай қолдану деп айқындады. Невротикалық азап, психологиялық бейімделе алмаушылық – бұл, біріншіден, «жетіспеушілік аурулары», яғни, іргелі қажеттілік- ердің қанағаттандырылмауы. А.Маслоу психологиялық өсуді «жоғары» қажеттіліктердің жүйелі түрде қанағаттандырылуы деп қарастырды. Жоғары қажеттіліктер мен мақсаттарға ұмтылу психологиялық денсаулықты көрсетеді. Тұлға жекелік қажеттіліктерді қалай орындай алса (физиологиялық қажеттіліктер, қорғаныс қажеттілігі, сүйіспеншілік пен сыйластық қажеттілігі) солай өзін-өзі өзектендіруге деген энергиясын босату оңайырақ болады[6]. Өзектендіру немесе психологиялық өсу тұлғаның жоғары мақсаттарға ұмтылысы болып табылады. Ол оның шынайылық пен бақыт, әділдікті іздеудегі өнімі ретінде қарастырылады. Жаман әдеттер, психологиялық қорғаныс механизмдері тұлғаның өсуіне кедергі келтіреді, оның икемділігі мен ашықтығын төмендетеді.

Осылайша, гуманистік психология адам еркін түрде өзінің қалыпты жаратылысы мен дамуына жауапты, сондықтан оның әрекеттері мен оның нәтижелерін қадағалап отырады деп пайымдады.

Аталған теориялық мектептердің тұлға және оның психологиялық денсаулығы жөнінде берген сипаттамалары мен анықтамаларын талдай келе, жеке тұлға – ойлау қабілеті жоғары, эмоционалды жауап беретін, және өзінше әрекет жасай алатын, ұйымдастырылған жиынтық ретінде қарастырылғанына көз жеткіздік.

Тұлға теорияларының зерттеулеріндегі психологиялық денсаулық жөніндегі анықтамаларын талдай келе біз төмендегідей денсаулық критерийлерін топтастырдық.

*Кесте 2-Әртүрлі психологиялық мектептердегі психологиялық денсаулық критерийлері*

Тұлға теориялары	Автор	Психологиялық денсаулық белгілері
Бихевиоризм	Б.Скиннер	Адамның мінез-құлық реакцияларының қоршаған сыртқы шындықтың талаптарына сәйкестігі
	А.Бандура	Өзінің тиімділігін бағалай білу, әрекетті таңдай білу, кедергілерді жеңу үшін қолданылатын жағдайларды анықтау
Психоанализ	З.Фрейд	Саналылық пен бейсаналылық арасындағы қарама-қайшылықты жою, ұғыну.
Аналитикалық психология	К.Г. Юнг	Даралау, сананың өсуі, сана мен бейсаналықтың бірлігі
Жекелік психология	А.Адлер	Әлеуметтік жүйедегі тұтастық
Гуманистік психология	А.Маслоу, К.Роджерс	Оңтайлы психологиялық бейімделу, психологиялық жетілу, тәжірибелілік, жоғары қажеттілікке ұмтылу, шынайылық
Денеге бағытталған психология	В.Райх	Ашық, еркін адам, қанағаттану сезімін сезіне алған адам
Гештальт-терапия	Ф. Перлз	Саналылық, тәуелсіздік, өз ішінде, өзі мен қоршаған орта арасында тепе-теңдік құру
Антропологиялық бағыт	А.В. Шувалов, Л.Б. Соколовская	Субъективті шындықты дамыту
Интегративті бағыт	О.С. Васильева, Ф.Р. Филатов	Өзін-өзі реттеу, әлеуметтік бейімделу және өзін-өзі жүзеге асыру үрдістерінің құрылымдық үйлесімділігі

Жоғарыда атап өткен теориялар өкілдері өз алдына зерттеулер жүргізіп жаңа бағыттардың пайда болуына ықпал етті:

- психологиядағы психодинамикалық бағыт (З.Фрейд, К.Юнг, А.Адлер);
- феноменологиялық бағыт (К.Роджерс);
- гуманитарлық бағыт (А.Маслоу);
- әлеуметтік қауымдастық және мәдениет бағытындағы эгопсихология (Э.Фромм, К.Хорни, Э.Эриксон);
- қажеттілік-құндылық және медициналық-психологиялық тәсілдер (А.Маслоу, Э.Фромм);
- экзистенциальды-аналитикалық бағыт (В.Франкл);
- әлеуметтік-мәдени бағыт (К.Хорни);
- эпигенетикалық бағыт (Э.Эриксон);
- деңгейлік бағыт (Б.С. Братусь)[6];

Тек ХХ ғасырдың екінші жартысында психологияда гуманистік және трансперсоналды бағыттағы Г.Олпорт, А.Маслоу, К.Роджерс, С.Гроф және т.б. ғалымдардың еңбектерінде адам тұлғасының толыққанды дамуының негіздерін зерттеу басталды. Оның нәтижесінде

адам денсаулығының әлеуметтік-мәдени және психологиялық аспектілерін зерттейтін жаңа ғылыми бағыт – денсаулық психологиясы пайда болды. Сондықтан бүгінгі ХХІ ғасыр ғылымында тұлға теориялары Б.С. Братусь, В.Я.Дорфман, Е.Р. Калитевская, Ю.М. Орлов, Д.А. Леонтьев сынды ғалымдардың еңбектерінде психикалық және психологиялық саулық тұрғысынан дамып келеді [8].

Психология ғылымына мінез-құлқ теориясын енгізген В.М. Бехтерев адам өз мінез-құлқын және әрекетін біртұтас білім болып табылатын жекелік психологиялық ерекшелігіне байланысты бақылай алады және басқарады деп анықтады. В.М. Бехтерев денсаулықты күрделі үш деңгейлі қызмет бағытында қарастырды: биологиялық, психологиялық және әлеуметтік. Ол денсаулықтың осы үш деңгейінің байланысын көп жылдар бойы зерттеді және ол қазіргі уақытта да маңызын жойған жоқ [7].

Ресей психиатриясының негізін қалаушы С.С. Корсаков дені сау адамның салауатты әлауқатының үйлесімді болуы оның физиологиялық және психологиялық жағынан қалыптатылығын көрсетеді деп тұжырымдады. Мұндай үйлесімділік денсаулықтың жағдайын анықтайды. Психологиялық денсаулықтың қалыптасуына әсер етуші факторлар:

- тұқым қуалаушылық фактор;
- дүниеге келу жағдайының факторы;
- ананың бала көтеру кезеңіндегі денсаулық жағдайы;
- баланың даму факторы;
- баланы тәрбиелеу факторы;
- жыныстық даму кезіндегі алдын-алудың ауытқушылығы [8].

Ресейдің жоғары педагогикалық білімінің теориясы мен практикасында ұзақ уақыт бойына психологиялық денсаулықты зерттеудің алғышарттары қалыптасты:

- психологиялық денсаулықтың ғылыми категория ретінде анықталуы;
- психологиялық денсаулық категориясының пайда болу тарихы;
- студенттерді кәсіби даярлау үдерісінде психологиялық денсаулық проблемасының нәтижелі даму жағдайының анықталуы [8,57].

В.Э. Пахальян және Р.М. Хусаинова психологиялық денсаулықты «ішкі субъективті әлауқатының жағдайы», – деген анықтама берді[9,35].

И.М. Щербакова психологиялық денсаулықты жан саулығымен байланыстырады. Оның айтуынша рухани жан дүниесі бай адам өзіне және өзінің денсаулығына саналы түрде қарайды [11].

Сондай-ақ, Н.Н. Колотий, М.С. Мышкина даму нормасын анықтау арқылы психологиялық денсаулық мәселесін қарастырды[5,19]. Сонымен бірге Н.Н. Колотий психологиялық денсаулық – ол әр жастық кезеңдегі адамның психологиялық даму «көрсеткішінің» сапасы деп анықтады. Ол психологиялық дамудың сапасын тұлғаның жекелік-психологиялық құрылымының ерекшелігі, әлеуеттегі қарым-қатынасы, өзіндік даму мен өзін-өзі реттеуде көрінетін «тұлғаның психологиялық әлауқатының деңгейі сондай-ақ оның жекелік даму ерекшеліктері» түрінде қарастырды [5,68].

Т.В. Башкирева психологиялық денсаулықты адамның қоршаған ортаға бейімделуімен байланысты деп пайымдады. Ол тұлға мен орта арасындағы үйлесімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді деп айқындады. О.В. Завгородняя адамның ішкі және сыртқы шындықпен байланыс жағдайы, оның өмірде және тәжірибеде өзін-өзі көрсетуге қол жеткізуі де психологиялық денсаулықты қамтамасыз етеді деп есептеді.

Е.Р. Калитиевская психологиялық денсаулықты адамның «дербес субъект» ретінде қарастырып оны қоршаған ортаның өзгеру жағдайына өзіндік өмірін белсенді өзгерте алу жағдайы деп сипаттады.

А.С. Оксанич психологиялық денсаулық мәселесін зерттей отырып, әлеуметтік психологиялық тренингті медициналық колледж студенттерінің психологиялық денсаулығын дамыту құралы ретінде қолданды. Ол өз еңбектерінде құндылықтар мен қажеттіліктерді

ұғыну негізінде, әлеуметтік белсенділікті дамытып, белсенді өзін-өзі жетілдіру бағытында психологиялық жаттығуларды қолдануды ұсынды. А.С. Оксанич диссертациялық жұмысында студенттердің психологиялық денсаулығын сақтауға және оны қолдауға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдайлар қарастырды. Олар: а) психологиялық қызмет ұйымдастыратын студенттердің психологиялық дамуын қамтамасыз ету; ә) ЖОО-ның білім беру ортасын психологиялық сүйемелдеу; б) студенттердің психологиялық денсаулығын сақтаудың және сүйемелдеудің эксперименталдық бағдарламасын енгізу [10].

А.С. Оксаничтің еңбектерін талдау жасай отырып, қазіргі уақытта да жоғары оқу орындарында студенттердің интеллектуальдық аймағына және танымдық үрдістеріне көңіл бөлінеді де, ал экзистенциональды, эмоционалды және өзіндік дамуын қалыптастыратын шаралар аз ұйымдастырылады деп айта аламыз. Осыған байланысты студенттерде өзіне деген сенімсіздік, өзін-өзі бағалауының қалыпсыздығы, өзіндік көзқарасының болмауы, әртүрлі жағдайларда өзіндік позициясын көрсете алмауы байқалады. Соның ішінде студенттердің жеке тұлғалық аймағында өзін-өзі реттеу, яғни өзінің эмоциясын және танымдық жағдайын әлсіз басқару кездеседі.

Психологиялық денсаулық мәселесі қазіргі кезеңде терең мағынада зерттелуде. И.В. Дубровина психологиялық денсаулық ұғымын, денсаулық психологиясымен салыстыра отырып зерттеді. Психологиялық денсаулыққа жоғары психикалық функциялар, үрдістер мен механизмдер ғана емес, адамның тұлғалық және жекелік дамуы да қарастырылатынын анықтады [11].

И.В. Дубровина «психикалық денсаулық» пен «психологиялық денсаулық» ұғымдарының ара жігін ажыратуға тырысты. Егер «психикалық денсаулық» ұғымы ең алдымен психикалық процестер мен механизмдердің қалыптылығы туралы болса, «психологиялық денсаулық» ол адамның жоғарғы тұлғалық көріністерімен тығыз байланысты екенін анықтады. Осылайша, И.В. Дубровина ғылымға «психологиялық денсаулық» ұғымын енгізді.

Ғалымның ойынша психологиялық денсаулықты зерттеуде оның психологиялық аспектілерін ескеру қажет. Ол тұлғалық сипаттың құрылымы болып табылатын стресске төзімділік, әлеуметтік бейімделу, өзін-өзі жүзеге асыру арқылы адамның жекелігі болып табылады. И.В. Дубровина психологиялық дені сау адам – «өмірге қызығушылық білдіретін, еркін түрде өз ойын жеткізе білетін, ғылыми және практикалық әрекеттің бір түрімен айналысатын, белсенді, өзбетті, тәуекелге қабілетті, өзіне сенімді және өзгені құрметтейтін, өз мақсатына жетуге ұмтылатын, өзінің жекелігін ұғынатын әртүрлі өмірлік аймақтар мен қызметтің түрлерінде шығармашылық көрсете білетін тұлға» – деген анықтама ұсынды. Сонымен қатар психологиялық денсаулықты ауыр психикалық құбылыстардың болмауымен сипатталатын және қоршаған шындықтың жағдайына сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекетті реттеуді қамтамасыз ететін психикалық әл-ауқат күйі ретінде де қарастырды [10].

И.В. Дубровина «жекелік» психологиялық денсаулықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырды. Ғалым «психикалық денсаулықтың бұзылуы жас және жеке мүмкіндіктер уақытылы іске асырылмаған кезде пайда болады» деп атап өтті. Жекелік ұғымы әртүрлі ғылым саласында бірдей қарастырылмайды. Философия мен педагогикада жекелік әрбір адамның ерекшелігі ретінде қарастырылады. Сондықтан да «тұлға» және «жекелік» бір-біріне ұқсас ұғым болып табылады. Осы бағытта зерттеген ғалымдар Г.М. Гак, Л.А. Зеленов, М.С. Каган, И.С. Кон, Д.Г. Лоуренс, Н.К. Михайловский, И.И. Резвицкий, В.П. Тугаринов, Ю.Хабермас және т.б.

Б.Г. Ананьев, О.С. Гребенюк, В.С. Мерлин, В.В. Печенков, С.Л. Рубинштейн, В.М. Русалов және т.б. «жекелік» ұғымын ол адамның ерекшелігі ретінде қарастырды. «Жекелік» көп компонентті құрылымды екендігін білдіреді және жеті психикалық аймақты біріктіреді: «интеллектуальды, мотивациялық, ерікті, эмоциональды, заттық-тәжірибелік, экзис-тенциальды, өзін-өзі реттеуші».



Б.Г. Ананьев, О.С. Гребенюк, В.С. Мерлин өз зерттеулерінде денсаулықтың үш түрлі құрылымын анықтады:

- физикалық денсаулық (жетілу, денелік өзін-өзі реттеу, физиологиялық үрдістердің үйлесімділігі, қоршаған ортаға барынша бейімділік);
- психологиялық денсаулық (адамның өмірлік стратегиясы, жағдайды адамның басқара алуы);
- әлеуметтік денсаулық (еңбексүйгіштіктің өлшемі, әлеуметтік белсенділік, әлемге белсенді әрекеттік қарым-қатынас).

О.В.Хухлаева тұлғаның өзінің өмірлік міндеттерін атқаруда алғышарты болып табылатын, жеке адам мен қоғам сұраныстарының арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз ететін психологиялық денсаулық адамның психикалық қасиеттерінің динамикалық жиынтығын құрайды деп анықтады.

Отандық ғалымдардың еңбектерінде де психологиялық денсаулықты қалыптастыру, дамыту мәселелері біршама зерттеліп, тақырып аясында теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, түрлі әдістемелер ұсынылған. Отандық ғалым, Қ.Н. Нығыметова «Балалардың психикалық денсаулығына экологиялық ортаның ықпалы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында психикалық денсаулық мәселелерінің негізін теориялық тұрғыдан анықтады. Өз зерттеулерінде жалпы денсаулық мәселесін, оның ішінде психикалық денсаулық мәселесін талдап, психикалық денсаулықтың үш деңгейлі құрылымын айқындады. Олар тұлғалық-мәндік немесе тұлғалық денсаулық, даралық немесе жеке-даралық психологиялық денсаулық; психо-физиологиялық денсаулық [12].

А.Р. Ерментаева өзінің «Жоғары мектеп психологиясы» деген оқу құралында-жоғары мектептегі оқу әрекеті және оқыту психологиясы болашақ мамандардың оқу танымдық және оқу-кәсіби іс-әрекетінің психологиялық негіздерін; оқу әрекетінің жетілу ерекшеліктерін, кәсіби білім беру жағдайында танымдық даму мәселесін; оқыту заңдылықтарын; студенттің шығармашылық әлеуеті мен субъектілік қасиеттерінің дамуындағы оқытушының рөлін зерттеді. Жоғары мектептегі оқыту психологиясы оқулығы арқылы студенттердің психологиялық денсаулығын қамтамасыз ете отырып, білімін, икемділіктерін, дағдыларын, жетілдіруге бағытталған оқыту және оқу теориялары, олардың формалары мен әдіс-тәсілдерін ғылымға енгізді. Денсаулық психологиясының субъективті аспектілерін ескере отырып, қазақ ғалымы А.Р. Ерментаева өз еңбектерінде денсаулықты сақтау және нығайту үшін өз өмірін жасаушы, өзгертуші және түрлендіруші болуы керектігін сипаттайды.

Сондықтан өз өмірін жасаушы және өзінің өмірлік іс-әрекетін басқару болып табылатын бастамашылдығы, біртұтастықтығы, бірлігі, дербестігі оның жоғары тұлға ретінде көрсететінін анықтады. А.Р. Ерментаева өз зерттеулерінде субъективтілікті адамның басқаларға құндылық қатынас тұрғысынан қарастырды. Субъектілік қатынас ұғымы арқылы, мағыналы белгілерге ие болатынын түсіндірді. А.Р. Ерментаеваның пікірінше, ғылыми әдіснама принциптеріне сүйене отырып, адамның субъект ретінде дамуы денсаулықты арттыру және нығайту тұрғысынан жүзеге асады деп пайымдайды [13].

Н.Д. Унарбекова «Тұлғаның психологиялық денсаулығы» деген еңбегінде психологиялық денсаулық феноменінің ғылыми және әлеуметтік тұғырларын талдады. Өзінің зерттеулері арқылы психологиялық денсаулық концепциясын айқындады. Сонымен қатар бастауыш мектеп жасындағы баланың психологиялық денсаулығын-тренинг топтық және индивидуалды-коррекциялық жұмыстар арқылы дамытуға болатынын дәлелдеді [14]

Г.Б. Ниетбаева «Қазіргі кезеңдегі студенттердің психологиялық денсаулығының дамуы» тақырыбындағы педагогика және психология, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысында студенттердің психологиялық денсаулығы ЖОО білім беру жағдайларында дамитын және құрамында келесі компоненттерді біріктіретін: интегральды-тұлғалық қасиеттер компоненті, рефлексиялық компонент, құндылық-мағыналық және рухани-адамгершілік компонент, эмоционалды компонент екенін

анықтады. Студенттік шақта психологиялық денсаулықтың дамуына әсер етуші ішкі факторлар: өзіннің маңыздану ресурсы, бейімділік ресурсы, рухани-адамгершілік ресурсы болатынын айқындады [15].

Осылайша ғылыми еңбектердегі отандық және шетел ғалымдарының анықтамаларын талдай келе, психологиялық денсаулық ұғымы төмендегідей тұжырымдалады:

- 
- толық түрде денелік, психикалық, рухани, және әлеуметтік әл-ауқат жағдайы;
- ауру белгілерінің болмауы;
- әлеуметтік міндеттерді толыққанды орындай алуы;
- қоршаған ортадағы адам ағзасының қалыпты жұмыс істеуі;
- үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға бейімделу қабілеті;

Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып психологиялық денсаулық – бұл тұлғаның денелік, психологиялық және әлеуметтік жағынан саулығы, яғни, психикалық функцияларды сәтті орындауы, өнімді қызмет атқаруы, қоршаған ортамен жағымды қарым-қатынас орната білуі және жаңа жағдайға тез бейімделіп, өзін-өзі реттей білуі деген анықтама береміз.

### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Ғылыми әдебиеттерде «психикалық денсаулық» және «психологиялық денсаулық» түсініктері қатар қолданылады. Психикалық денсаулық-медициналық категория болса, психологиялық денсаулық-практикалық психологиялық қызметтің негізгі категориясы болып табылады. Психикалық денсаулықтың бұзылуы жүйке-психикалық жағынан науқастардың пайда болуымен анықталады. Психологиялық денсаулықтың бұзылуы адамның әлеуметтік бейімделуіне теріс әсер ететін эмоционалды тұрақсыздықпен, яғни мазасыздықтың өсуімен, өзіннің жеке басына негативті қатынастың қалыптасуымен, өзіндік баға деңгейінің төмендеуімен, тұрақсыздығымен адекватты болмауымен байланысты. Қазіргі кезеңде психологтардың алдында жеке адамның ішкі резервтерін белсендіретін, күшейтетін әдістер мен механизмдерді, психологиялық денсаулықты сақтауға және қамтамасыз етуге көмектесетін амалдарды іздестіру міндеті тұр. Болашақ педагогтардың қазіргі білім беру стандартында арнайы кәсіби құзіреттіліктер игеру талап етіледі. Осыған орай жоғары оқу орнының оқытушыларының қызметіне де жоғары талаптар қойылады. Жоғары оқу орнының оқытушысы тек педагогикалық үрдісті басқарып қана қоймай, болашақ педагогтарға қажетті құзіреттіліктерді дамыта білуі қажет.

Зерттеу тақырыбымызға байланысты дереккөздерін талдау арқылы біз студенттердің психологиялық денсаулығын дамыту жолдарына қатысты көрсеткіштерді ұсынамыз:

- өзін және айналасындағыларды қабылдау;
- толыққанды тұлғааралық қабылдау;
- кәсібін дұрыс таңдағанына сенімділік;
- өз қалаулары мен құндылықтарын және өмірдің мәнін түсіну.
- өзін-өзі өзектендіру және өзін-өзі реттеу.

Қорытындылай келе, психологиялық денсаулық ұғымын әлі де жан-жақты қарастырып, оны дамыту жолдарын іздестіру қажет деп ойлаймыз. Біздің елімізде әлі де болса студенттердің психологиялық денсаулығына және жекелік ерекшеліктеріне қажетті көңіл бөлінбей отыр. Студенттердің жекелігін соның ішінде өзін-өзі реттеуін қалыптастыру негізінде психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту басты міндеттердің біріне айналу қажет деп ойлаймыз. Болашақ педагогтардың психологиялық денсаулығын дер кезінде зерттеп оны дамыту арқылы біз болашақта кәсіби және тұлғалық жағынан жетілген маман дайындаймыз де айта аламыз.

*Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:*

1. Никифиров, Г.С. Психология здоровья. –СПБ.: Речь,2022.– С. 256.
2. Xia, X. Research on Mental Health Education Model of College Students under the Background of Internet //Journal of Healthcare Engineering.– Access mode: <https://doi.org/10.1155/2022/9979891>
3. Деркач, А.А. Акмеологическая культура личности: содержание, закономерности, механизмы развития Московского психолого-социального института. – Воронеж: ИзНПО «МОДЭК», –2006. –469 с.
4. Ананьев, В.А. Основы психологии здоровья. – Книга -1, СПб, 2006. –31-35 с.
5. Адлер, А. Индивидуальная психология. – СПб.: Питер, 2017. – 472 с.
6. Братусь, Б.С. Христианская психология как научное направление: к истории вопроса. – М.: //Национальный психологический журнал. – 2015. – № 3 (19).
7. Иванова, М.Б. Структурные, функциональные и динамические характеристики психологического здоровья личности: дис. канд. психол. наук 19.00.01. – Кемерово. –2010. – С. 242.
8. Корсаков, С.С. Общая психопатология. – Изд. 3, дополн. М.: Лаборатория знаний, 2003. – С. 465.
9. Пахальян, В.Э. Развитие и психологическое здоровье. Дошкольный и школьный возраст [Текст]. – СПб.: Питер. –2006. – С. 240.
10. Оксанич, С.И. Психолого-педагогические условия сохранения и поддержания психологического здоровья студентов медицинского колледжа: дис. канд. психол. наук / 19.00.01. – Самара. –2007. – С. 221.
11. Шерьязданова, Х.Т., Абеуова, И.А., Ныгметова, К.Н. Психопедагогика здоровья: Учебное пособие. – Алматы: ТОО «Типография Комплекс», 2006. –280 б.
12. Ныгметова, Қ.Н. Балалардың психикалық денсаулығына экологиялық ортаның ықпалы: психол.ғыл.канд. дисс: 19.00.07. – Алматы. – 2009. –200 б.
13. Ерментбаева, А.Р. Жогары мектеп психологиясы: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 492 б.
14. Унарбекова, Н.Д. Тұлғаның психологиялық денсаулығы: Монография. – Өскемен, 2012. –176 б.
15. Ниетбаева, Г.Б. Қазіргі кезеңдегі студенттердің психологиялық денсаулығының дамуы: 6D010300 – Педагогика және психология док. PhD дис. – Алматы, –2014. –210 б.

*References:*

1. Nikifirov, G.S. Psixologiya zdrov'ya [Psychology of health]. –SPB.: Rech',2022. – 256 p.
2. Xia, X. Research on Mental Health Education Model of College Students under the Background of Internet [Electronic resource] //Journal of Healthcare Engineering – Access mode: <https://doi.org/10.1155/2022/9979891>
3. Derkach, A.A. Akmeologicheskaya kul'tura lichnosti:soderzhanie, zakonomernosti, mexanizmy razvitiya Moskovskogo psixologo-social'nogo instituta [Acmeological culture of personality:content, patterns, mechanisms of development of the Moscow Psychological and Social Institute]. – Voronezh: IzNPO «MODJeK», 2006. –469 p.
4. Anan'ev, V.A. Osnovy psixologii zdorov'ya [Fundamentals of health psychology]. – Book -1, SPB.: 2006. – P.31-35
5. Adler, A. Individual'naya psixologiya [Individual psychology]. –SPb.: Piter, 2017. – 472 p.
6. Bratus, B.S. Xristianskaya psixologiya kak nauchnoe napravlenie: k istorii voprosa [Christian psychology as a scientific direction: to the history of the issue]. – М.: //National Journal of Psychology.– 2015. – № 3 (19).
7. Ivanova, M.B. Strukturnye, funkcional'nye i dinamicheskie xarakteristiki psixologicheskogo zdorov'ya lichnosti: dis.kand.psihol.nauk 19.00.01[Structural, functional and dynamic

characteristics of psychological health of the individual: diss. ... cand. psychological sciences 19.00.01]. – Kemerovo, 2010. – 242 p.

8. Korsakov, S.S. *Obshhaja psihopatologija [General psychopathology]*. – Izd. 3, dopoln. M.: Knowledge Lab, 2003– 465 p.

9. Paxal'yan, V.E'. *Razvitie i psixologicheskoe zdorov'e. Doshkol'nyj i shkol'nyj vozrast [Development and psychological health. Preschool and school age]*. – SPb.: Piter, 2006. – 240 p.

10. Oksanich, S.I. *Psixologo-pedagogicheskie usloviya soxraneniya i podderzhaniya psixologicheskogo zdorov'ya studentov medicinskogo kolledzha: dis.kand.psihol.nauk 19.00.01 [Psychological and pedagogical conditions for preserving and maintaining the psychological health of medical college students: diss. ... cand. psychological sciences 19.00.01]*. – Samara, 2007. – 221 p.

11. Sher'yazdanova, X.T., Abeuova, I.A., Nygmetova, K.N. *Psixopedagogika zdovor'ya: Uchebnoe posobie [Psychopedagogy of Health: Textbook]*. – Almaty: TOO «Tipografiya Kompleks», 2006. – 280 p.

12. Nygymetova, K.N. *Balalardyn psixikalyk densaulygyna e'kologiyalyk ortanyn ykpalы: psixol.gyl.kand. diss 19.00.07 [The influence of the environmental environment on the mental health of children: diss. ... cand. psychological sciences 19.00.07]*. – Almaty, 2009. – 200 p.

13. Ermentaeva, A.R. *Zhogary mektep psixologiyasy: okulyk [High school psychology: textbook]*. – Almaty: ZhShS RPBK «Dauir», 2012. – 492 p.

14. Unarbekova, N.D. *Tulganyн psixologiyalyk densaulygy: monografiya [Psychological health of the individual: monograph]*. – Oskemen, 2012. – 176 p.

15. Nietbaeva, G.B. *Kazirgi kezendegi studentterdin psixologiyalyk densaulygynyn damuy: 6D010300 – Pedagogika zhane psixologiya mamandygy bojynsha filosofiya doktory (PhD) darezhesin aluga arналган dissertaciya [The development of psychological health of students at the present stage: dissertation for the degree of doctor of philosophy (PhD) in the specialty 6D010300 – Pedagogy and psychology]*. – Almaty, 2014. – 210 p.

**МРНТИ 15.81.70**

10.51889/2959-5967.2023.77.4.005

Сатиева Ш.С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КЕАҚ, Семей, Қазақстан  
Satieva66@mail.ru <https://orcid.org/0000-0002-1657-6026>

## ҚАЗІРГІ СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ ҚАЖЕТТІЛІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Андатпа*

Мақалада студенттік жастардың әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесіне ықпал ететін өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі актуализациялауға және өзін-өзі жүзеге асыруға бағытталған студенттермен және оқытушылармен (психопрофилактикалық және психогигиеналық, диагностикалық, кеңес, дамытушылық және түзету әдістері) ЖОО психологиялық қызметінің жеке және топтық жұмысының неғұрлым тиімді нысандары мен әдістерін таңдауға және жасауға ерекше назар аудару керектігі және ғылыми тұрғыдан ары қарай зерттеудің қажеттілігін көрсетілген. Қазіргі студент жастардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің ерекшеліктері мен проблемаларын анықтау, сондай-ақ психологиялық сүйемелдеу қажеттіліктерінің болуы мен ерекшелігі зерттелініп, қажет екендігі дәлелденді.

**Түйін сөздер:** бейімделу, қажеттілік, резерв, диагностика, психологиялық қызмет, психологиялық сүйемелдеу, коммуникация.

Сатиева Ш.С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Университет имени Шакарима, г. Семей

## ПРОБЛЕМЫ НЕОБХОДИМОСТИ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ СОВРЕМЕННОЙ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ

### *Аннотация*

Особое внимание в статье уделяется выбору и разработке наиболее эффективных форм и методов индивидуальной и групповой работы психологической службы вуза со студентами и преподавателями (психопрофилактические и психогигиенические, диагностические, консультационные, развивающие и коррекционные методы), направленных на саморазвитие, самоактуализацию и самореализацию, способствующих процессу социально-психологической адаптации студенческой молодежи показано, что необходимо переводить и проводить дальнейшие исследования с научной точки зрения. Исследованы и доказаны необходимость выявления особенностей и проблем социально-психологической адаптации современной студенческой молодежи, а также наличия и специфики потребностей психологического сопровождения.

**Ключевые слова:** адаптация, потребность, резерв, диагностика, психологическая служба, психологическое сопровождение, коммуникация.

Satieva Sh.S.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Shakarim University of Semey

## PROBLEMS OF THE NEED FOR PSYCHOLOGICAL SUPPORT OF MODERN STUDENT YOUTH

### *Abstract*

The article indicates the need for further research from a scientific point of view and the need to select and create the most effective forms and methods of individual and group work of the psychological service of the University with students and teachers (psychoprophylactic and psychohygienic, diagnostic, consulting, developmental and corrective methods) aimed at self-development, self-actualization and self-realization, which contribute to the process of socio-psychological adaptation of student youth. It is proved that it is necessary to identify the features and problems of socio-psychological adaptation of modern student youth, as well as the presence and specificity of the needs for psychological support.

**Keywords:** adaptation, need, Reserve, diagnostics, psychological service, psychological support, communication.

### **КІРІСПЕ**

Жаңа жағдайларда және жаңа білім беру деңгейінде бейімделу процесін сүйемелдеу: бейімделуге ықпал ететін немесе кедергі келтіретін білім алушылардың жағдайларын, оның ішінде жеке ерекшеліктерін айқындауды, табысты бейімделуге ықпал ететін қасиеттерді қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысты; қоршаған ортаның бейімделу сипаттамаларын жобалау, сараптау және мониторингтеуді білдіреді. Білім беру ұйымындағы дезадаптация факторы бойынша «тәуекел тобын» айқындау, осы топпен профилактикалық жұмыс, оның ішінде жаңа мәдени-білім беру жағдайларында бейімделу бойынша білім алушылармен жұмыс кезек күттірмес мәселелердің бірі. Студенттерді жоғары оқу орындарында оқытуға және олардың әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне көптеген факторлар әсер етеді: материалдық жағдайы; денсаулық жағдайы; жасы; отбасылық жағдайы; жоғары оқу орнына дейінгі дайындық деңгейі; өз қызметін өзін-өзі ұйымдастыру, жоспарлау және бақылау дағдыларын меңгеру (ең алдымен оқу); жоғары оқу орындарын таңдау мотивтері;

жоғары оқу орындарының ерекшелігі туралы түсініктердің барабарлығы; оқыту нысаны (күндізгі, кешкі, сырттай, қашықтықтан және т. б.); оқу ақысының болуы және оның көлемі; жоғары оқу орындарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері; жоғары оқу орындарының материалдық базасы; оқытушылардың біліктілік деңгейі; университеттердің беделі және соңында студенттердің жеке психологиялық ерекшеліктері.

Білім берудің жаңа деңгейіне көшуді психологиялық сүйемелдеу – бұл жаңа білім деңгейіне көшуге дайындықты қалыптастыру, дайындық компоненттерінің қалыптасуын анықтау, жаңа білім деңгейіне көшудің оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін білім беру процесінің басқа қатысушыларымен бірлескен жұмыс.

Студенттерге білікті психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету жүйесін құру идеясы көптеген отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінде байқалады. Жоғары білім беру жүйесінде психологиялық қызметті құрудың жалпы тәсілдері А.Ф. Бондаренко, Л.В. Долинский, П.В. Лушин, С.Д. Максименко, Н.И. Повякель, А.Я. Чебыкин, Н.В. Чепелева, Ю.М. Швалба, Т.С. Яценко және т. б. еңбектерінде тұжырымдалған [1].

Гуманизм принципі психологтың студенттермен жұмысының формалары мен әдістерінің психологиялық басымдылығына (пропорционалдылығына), оның жеке психологиялық ерекшеліктеріне назар аударады. Басқаша айтқанда-психолог студенттермен жұмыс жасаудың табиғатына сәйкес келетін формалары мен әдістерін қолдануы керек. Сонымен қатар, бұл жұмыс әдістері студенттердің даму әлеуетіне сәйкес келуі керек, оның жеке басын көтеріп, одан әрі өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге ынталандыруы керек. Даралау немесе жеке көзқарас принципі, практикалық психология әр адамның жеке тұлға ретінде ғана емес, сонымен қатар бірқатар зерттеушілер атап өткендей, дәл осы категорияны Б.Г. Ананьев, Л.М. Собчик, В.С. Мерлин түсінудегі даралыққа негізделуі керек деп атайды [2].

Осы тәсілдерді салыстыра отырып, олардың әрқайсысының психолог үшін өзіндік артықшылықтары мен өзіндік құндылығы бар екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, біріншісі дәстүрлі болып табылады және белгілі бір оқу орнында психологиялық қызметті құру және орналастыру шарттарына сәйкес келеді.

«Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ психологиялық қызмет орталығы негізгі мақсаты ЖОО-ның білім беру процесін ұйымдастыру үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау, студенттер мен қызметкерлердің психологиялық қорғалуын қамтамасыз ету, олардың психологиялық денсаулығын қолдау және нығайту болып табылады. Студенттік жастағы дамудың әлеуметтік жағдайы ерекше: студенттердің физикалық, психофизиологиялық, интеллектуалдық мүмкіндіктерінің өсуімен, тұлғаның бүкіл құрылымының дамуы мен күрделенуімен осы жас кезеңінің міндеттері күрделі және оларды шешу жеке тұлғаның одан әрі дамуын да, оның өмір жолын да анықтайды. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралынан алынған анықтамаға сәйкес [3]:

«Әлеуметтік коммуникация» белгілі бір әлеуметтік ортада және осы қоғамда қабылданған рәміздер арқылы көп салалы және көп арналы ақпаратты беру процесі деп түсініледі.

Л.Г. Подоляк атап өткендей, студенттік жастық «Мен» – тұлғаның өзегі ретіндегі тұжырымдаманың қалыптасуының өте маңызды кезеңі. «Мен» – болашақ маманның тұжырымдамасы – студенттің жеке тұлға және оқу-кәсіби қызмет субъектісі ретінде өзін-өзі танудың күрделі, динамикалық жүйесі, оған мыналар кіреді:

1. Студенттің белгілі бір әлеуметтік-рөлдік позицияны және өзіне қатысты нұсқауларды бекіту арқылы өзін-өзі қабылдаудың бірегейлігін ашатын «Мен».

2. Кәсіби қасиеттер мен жеке қасиеттердің өзін-өзі бағалауымен, өзін-өзі қабылдау және өзін-өзі бағалау деңгейімен анықталатын өзіне деген эмоционалды-құндылық қатынасы.

3.Өзін-өзі таныстыру ретіндегі мінез-құлық компоненті-өзін-өзі бейнелеу мен тәуелсіздіктен туындайтын белгілі бір әрекеттер (ішкі және практикалық) [4].

Осыған орай, психологиялық қызмет орталығы көптеген зерттеулер жұмысын жүргізді.

## **1. МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР**

2. Бітіруші түлектер арасында кадр резервіне енгізу үшін «Көшбасшылық қасиеттердің қалыптасуын бағалау және тұлғаның өмірлік құндылықтарын анықтауға» арналған сауалнама жүргізді. Сауалнама мақсаты: адамның көшбасшы болу қабілетін бағалауға арналған.

Бұл әдістеде субъект екі блоктан тұратын сұрақтарға жауап береді. Осы сұрақтарға берген жауаптары негізінде көшбасшыға қажетті жеке психологиялық қасиеттердің бар-жоғы туралы қорытынды жасалады. Университет бойынша кадрлық резервке тіркелген студент саны 129 болып табылады. Университет бойынша жалпы сауалнамаға 57 студент қатысты.

### 3. НӘТИЖЕЛЕР ТАЛҚЫЛАУ

4. Сауалнама барысында студенттердің көшбасшылықтың табиғаты мен мәнін, сондай-ақ олардың көшбасшылық потенциалдарын дамытуға деген ұмтылысын жақсы түсінуге мүмкіндік беретін нақты, жеке және әлеуметтік құбылыстарды одан әрі тануға деген жоғары қызығушылығын көрсетті.

5. Студенттер өздерінің даму деңгейлері мен ресурстарын анықтап, даму траекториясын белгілеуге мүмкіншілік алды (Сур.1).

6. Сол студенттердің ішінен 72 респонденті сауалнама сұрақтарына жауап бермеді. Жалпы университет студенттерінің сауалнамаға қатысуы 45 % құрады.

7.




«Сурет 1 Көшбасшылық қасиеттердің қалыптасуын бағалау және тұлғаның өмірлік құндылықтарын анықтауға» арналған сауалнама нәтижесі»

Гуманитарлық-экономикалық факультеті-32 респонденттің 22 студенті қатысты (10 қатыспады); сауалнамаға қатысуы 69% құрады.



«Сурет 2 гуманитарлық-экономика факультеті студенттерінің нәтижесі»


Инженерлік-технологиялық факультеті-60 респонденттің 21 (39 қатыспады); сауалнамаға қатысу 35 % құрады.



«Сурет 3 инженерлік-технологиялық факультеті студенттерінің нәтижесі»


Жаратылыстану-математика факультеті – 15 респонденттің 6 студенті (9 қатыспады); сауалнамаға қатысу 40 % құрады.






«Сурет 4 инженерлік-технологиялық факультеті студенттерінің нәтижесі»

Филология факультеті-6 студенттің 4 студенті қатысты (2 қатыспады); сауалнамаға қатысу 67 % құрады.



«Сурет 5 филология факультеті студенттерінің нәтижесі»

Ветеринария және агроменеджмент факультеті: 16 студенттің 2-і қатысты (14 қатыспады); сауалнамаға қатысу 12,5 % құрады.



*«Сурет 6 ветеринария және агроменеджмент факультеті студенттерінің нәтижесі»*

8. Сауалнама барысында студенттердің көшбасшылықтың табиғаты мен мәнін, сондай-ақ олардың көшбасшылық потенциалдарын дамытуға деген ұмтылысын жақсы түсінуге мүмкіндік беретін нақты, жеке және әлеуметтік құбылыстарды одан әрі тануға деген жоғары қызығушылығын көрсетті.

9. Студенттер өздерінің даму деңгейлері мен ресурстарын анықтап, даму траекториясын белгілеуге мүмкіншілік алды.

10. Аталған барлық іс-шаралардан басқа студенттердің мінез-құлқын бақылау, курстас-тарымен, куратормен және ПОҚ-мен әңгімелесу болып табылады. Ұнатулар мен эмоционалды байланыстарға негізделген топтағы тұлғааралық қатынастардың құрылымын анықтау үшін социометриялық зерттеу топ жетекшілерін көрсетті және анықтады. Талдау жұмысы жүргізілгеннен кейін оқытушыларға ұсыныстар берілді.

### **11. ҚОРЫТЫНДЫ**

12. Осылайша, студенттің жеке басының қалыптасуы мен дамуына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған ЖОО-ның психологиялық қызметінің қызметі келесі жағдайларда тиімді болатындығы анықталды:

13. ЖОО-ның психологиялық қызметі ЖОО-дағы білім беру-тәрбие процесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс; оқу орнының оқу-тәрбие ортасының негізгі субъектілерімен психологиялық қызметті интеграциялау және үйлестіру қамтамасыз етіледі; студенттің жеке басының қалыптасуы мен дамуын психологиялық-педагогикалық қолдаудың тұтас моделі әзірленетін болады; білім беру процесінің әртүрлі кезеңдерінде студенттің жеке басының қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін жоғары оқу орындарының психологиялық қызметтің психологиялық-педагогикалық шарттары анықталды [5].

Студенттердің көшбасшылық іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша ақпараттық және психологиялық көмек оқу процесінің сапасын арттыруға да, студенттердің жоғары оқу орындарындағы оқу жағдайларына әлеуметтік-психологиялық бейімделуіне де ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады.

Респонденттердің көпшілігінің кәсіби психологиялық көмек алу қажеттілігі туралы хабардар болуын және психологиялық қызметті құру кезінде оларға осындай көмек көрсетілетініне белгілі бір сенімділіктің болуын атап өтуге болады.

Қазіргі қоғамының трансформациясы жағдайында жаңа өмірлік стратегияларды қалыптастыру, құзыреттілік, әлеуметтік мінез-құлықтың икемділігі мен ұтқырлығын күшейту мәселелері ерекше маңызға ие. Адамның өмірлік әлеуеті неғұрлым күшті болса, оған дағдарыстық жағдайларды жеңу, сындарлы-трансформациялық позицияны игеру оңайырақ болады. Мұның бәрі, сөзсіз, қоғамның зияткерлік деңгейіне, оны білім, кәсібилік, көп-

жақтылық, коммуникабельділік арқылы жетілдіруге жаңа талаптар қояды. ЖОО-ның психологиялық қызметі жоғарыда аталған міндеттерді шешуге, сондай-ақ студенттік ортадағы жағымсыз әлеуметтік құбылыстарды еңсеруге және алдын алуға ықпал ететін болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Яценко Т.Е. Социально-личностные компетенции педагогов в области обеспечения психологической безопасности образовательной среды: практ. рук. для студентов пед. и психол. специальностей / Т.Е. Яценко. – Барановичи :РИО БарГУ, 2014. –95с.
2. Собчик Л.Н. Психология индивидуальности: Теория и практика психодиагностики. Серия: Мэтры мировой психологии. Издательство: Речь, 2018.
3. Кидирбаева К., Сатиева Ш., Куанышбаев Ж., Иракова А., Асанова Г., Поваляшко Г., Дуйсенбекова Ж. Формирование навыков социальной коммуникации у студентов медицинского факультета в системе профессионального образования. Опыт Республики Казахстан Кардиоваскулярная терапия и профилактика. – 2023; – Том – 22., – №. – 2S (2023 <https://doi.org/10.15829/1728-8800-2023-3616> EDN: IXKTJJ
4. Подольяк Л.Г., Юрченко В.И. Психология высшей школы: Учебное пособие. 2-е изд. – К.: Каравела, 2008. - 352 с.
5. Сборник нормативно-правовых документов универ. Шакарима / – 2023. – с.7-9.

*References:*

1. Iatsenko T.E. Sotsialno-lichnostnye kompetentsu pedagogov v oblasti obespechenia psihologicheskoi bezopasnosti obrazovatelnoi sredy: prakt. rýk. dlia stýdentov ped. i psihol. spetsialnostei / T. E. Iatsenko. – Baranovichí :RIO BarGÝ, 2014. –95s.
2. Sobchik L. N. Psihologua individýalnosti: Teorua i praktika psihodiagnostiki. Serua: Metry mirovoi psihologii. Izdatelstvo: Rech, 2018.
3. Kidirbaeva K., Satieva Sh., Kýanyshbaev J., Irakova A., Asanova G., Povaluashko G., Dýisenbekova J. Formirovanie navykov sotsialnoi kommýnikatsi u stýdentov meditsinskogo fakýlteta v sisteme professionalnogo obrazovanua. Opyt Respýblikı Kazahstan Kardiovaskýliarnaia terapua i profilaktika. 2023; Tom 22, № 2S (2023 <https://doi.org/10.15829/1728-8800-2023-3616> EDN: IXKTJJ
4. Podoliak L.G., Ýrchenko V.I. Psihologua vysshei shkoly: Ýchebnoe posobie. 2-e izd. – K.: Karavela, 2008. – 352 s.
5. Sbornik normativno-pravovyh dokýmentov ýniversiteta Shakarima / –2023. – S. 7-9.

**МРНТИ:15.21.41**

10.51889/2959-5967.2023.77.4.006

А.А. Касымжанова<sup>1</sup>, Қ.О. Ахан<sup>1</sup>

<sup>1</sup>«Тұран» университеті,  
Алматы, Қазақстан

## **ПОЗИТИВТІ ЖӘНЕ НЕГАТИВТІ АФФЕКТТІҢ БАҚЫТҚА ӘСЕР ЕТУІН ЭМПИРИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ**

### *Аңдатпа*

Мақалада Позитивті және негативті аффект шкаласын қазақ тіліне бейімдеу және осы әдістеме арқылы анықталған эмоциялар жиілігінің бақыт деңгейіне әсер ету ерекшеліктерін эмпирикалық зерттеудің нәтижелері қамтылған. Зерттеу барысында таңдау тобының қалыпты үлестірім заңдылығына сәйкес екендігі тексерілді және осы нәтижеге қарай

көрсеткіштерді талдауда параметрлік әдістер қолданылды. Watson, Clark және Tellegen ұсынған Позитивті және негативті аффект шкаласы қазақ тіліне аударылып, әдістеме ұлт пен тіл ерекшелігіне бейімделді. Жалпы және жеке тармақтар бойынша альфа-Кронбах коэффициенті 0,8-ден жоғары болып, оның сенімділігі статистикалық тұрғыдан дәлелденді. Позитивті және негативті аффект пен Оксфорд бақыт сауалнамасы арқылы алынған көрсеткіш арасындағы өзара байланысты зерттеуде Пирсон бойынша корреляциялық талдау жүргізіліп, позитивті аффекттің бақытпен тура байланысы, негативті аффекттің бақытпен кері байланысы анықталды. Бір факторлы дисперсиялық талдау барысында позитивті және негативті эмоциялар жиілігінің бақытқа әсер ететіні, ал регрессиялық талдау арқылы бақыттың 27,7% жағдайда позитивті аффектке, ал 15,2% жағдайда негативті аффектке тәуелді екендігі анықталды. Зерттеу нәтижесін позитивті психология бағытында жүрген зерттеушілер мен психологтар қазақ тілді тұлғалармен жұмыс жасауда қолдана алады.

**Түйін сөздер:** позитивті аффект, негативті аффект, альфа-Кронбах, бақыт.

Касымжанова А.А., <sup>1</sup>Ахан. К.О. <sup>1</sup>

<sup>1</sup> Университет «Туран», Алматы, Қазақстан

## ЭМПИРИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ВЛИЯНИЯ ПОЗИТИВНОГО И НЕГАТИВНОГО АФФЕКТА НА СЧАСТЬЯ

### Аннотация

В статье представлены результаты эмпирического исследования, проведенного с целью адаптации Шкалы позитивного и негативного аффекта на казахском языке и выявления влияния частоты эмоций, определяемый по данной методике на уровень счастья. В процессе исследования было проверено, что выборка соответствует нормальному закону распределения, и на основании этого результата при анализе показателей использовались параметрические методы. Шкала положительного и отрицательного аффекта, предложенная Watson, Clark и Tellegen, была переведена на казахский язык и адаптирована к особенностям нации и языка. Коэффициент альфа Кронбаха для общих и отдельных элементов был выше 0,8, и его достоверность была доказана статистически. Для определения взаимосвязи положительного и отрицательного аффекта с показателем, полученным по Оксфордскому опроснику счастья, был проведен корреляционный анализ Пирсона и выявлена положительная связь между позитивным аффектом и счастьем и отрицательная связь между негативным аффектом и счастьем. В ходе однофакторного дисперсионного анализа установлено, что частота позитивных и негативных эмоций влияет на счастье, а путем регрессионного анализа определено, что счастье зависит от положительного аффекта в 27,7% случаев, а от отрицательного аффекта в 15,2% случаев. Исследователи и психологи, работающие в направлении позитивной психологии могут использовать результаты исследования в своей работе с казахоязычными людьми.

**Ключевые слова:** позитивный аффект, негативный аффект, альфа-Кронбаха, счастье.

A.Kassymzhanova<sup>1</sup>, K. Akhan<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Turan University, Almaty, Kazakhstan

## AN EMPIRICAL STUDY OF THE INFLUENCES OF POSITIVE AND NEGATIVE AFFECT ON HAPPINESS

### Abstract

The article presents the results of an empirical study conducted with the aim of adapting the Positive and Negative Affect Schedule into Kazakh and identifying the influence of the frequency

of emotions, determined by this method, on the level of happiness. During the study, it was verified that the sample corresponds to the normal distribution law, and based on this result, parametric methods were used in the analysis of indicators. The Positive and Negative Affect Schedule proposed by Watson, Clark and Tellegen was translated into Kazakh and adapted to the characteristics of the nation and language. Cronbach's alpha for total and individual elements was above 0.8 and was statistically valid. Pearson's correlation analysis was carried out to determine the relationship between positive and negative affect and the index obtained from the Oxford Happiness Questionnaire. We found a positive relationship between positive affect and happiness and a negative relationship between negative affect and happiness. In the course of one-way analysis of variance, it was found that the frequency of positive and negative emotions influences happiness and it was determined that happiness depends on positive affect in 27.7% of cases, and on negative affect in 15.2% of cases by regression analysis. The researchers and psychologists working in the direction of positive psychology can use the results of the study in their work with Kazakh-speaking people.

**Keywords:** positive affect, negative affect, Alpha-Cronbach, happiness.

## КІРІСПЕ

Ежелден бақыттың эвдомониялық және гедонистік тұрғыда түсініктері болғанымен, позитивті психология ғылым саласы ретінде дами бастаған уақыттан бақыт бір жақты өлшеммен анықталатынын байқауға болады. Яғни, бақыт өмірге қанағаттанушылықтан, позитивті аффекттің болуы мен негативті аффекттің болмауынан тұратын гедонистік құрылым деп қарастырылады. Шамамен соңғы отыз жылда аталған құрылымға байланысты зерттеулер саны да көбейіп келеді. Көптеген мемлекеттерде жүргізілген зерттеулерде өмірге қанағаттанушылық, позитивті және негативті аффект бақытқа әсер ететіні анықталғанымен, Қазақстандық респонденттермен бұл бағытта эмпирикалық зерттеу жүргізілмеген. Сондықтан аталған құрамдас бөліктердің бақытқа әсер етуін зерттеудің қажеттілігі туындап отыр. Зерттеуіміз барысында тек екі факторды, яғни позитивті және негативті аффектті қарастырамыз.

“Аффект” термині адамның бастан кешіретін сезімдерін, эмоцияларын, көңіл-күйлерін сипаттайды және екіге бөлінеді: позитивті аффект және негативті аффект [1; 2]. Позитивті аффект тұлғадағы ынтаның, белсенділіктің және қырағылықтың белгілі бір деңгейін білдіреді. Позитивті аффекттің жоғары болуы көп күш-қуат, зейінді толықтай шоғырландыра алу және өзіне жағымды әрекетті жасау күйі ретінде, ал оның төмен болуы қайғы және әлсіздік күйі ретінде сипатталады. Керісінше, негативті аффект – ашу, жек көру, жиіркеніш, кінә, қорқыныш, беймазалық сияқты жағымсыз көңіл-күйден тұратын субъективті күйзелістің жалпы өлшемі. Ал, бұл көрсеткіштің төмен болуы сабырлылық пен тыныштық күйін білдіреді [1; 2].

Аффекттерді өлшеу 1969 жылы Bradburn-нің арнайы әдістемені ұсынуынан қолға алына бастады [3]. 1983 жылы McAdams пен Constantian [4]; Warr, Barter және Brownbridge [5]; 1984 жылы Diener мен Emmons [6]; 1985 жылы Stone, Hedges, Neale және Satin [7]; 1988 жылы Watson, Clark және Tellegen (PANAS: Positive and Negative Affect Schedule) [2]; 2010 жылы Diener, Wirtz, Tov, Kim Prieto, Choi, Oishi және Biswas-Diener [8] позитивті және негативті аффект шкалаларын ұсынды. Аталған әдістемелердің ішінде сенімділік деңгейі жоғары және дүние жүзі бойынша (соның ішінде АҚШ, Испания, Австралия, Ұлыбритания, Қытай мемлекеттерінде) жиі қолданылатын әдістеме – Позитивті және негативті аффект шкаласы [9]. Сондықтан зерттеуімізге осы өлшеу құралын тандап алдық.

Позитивті және негативті аффект шкаласы 20 тармақтан, 5 балдық шкаладан тұрады. Әдістеме авторлары оның ішкі сенімділігін дәлелдеу үшін сауалнаманы студенттерге, қызметкерлерге, психиатриялық стационарда жүргізіп, респонденттердің сол сәттегі, сол күнгі, өткен бірнеше күндегі, өткен бірнеше аптадағы және сол жылғы эмоцияларының

жиілігі сұралды. Нәтижесінде, барлық жағдайда альфа-Кронбах коэффициенті 0,8-ден жоғары екендігі анықталған. Сонымен қатар, әдістеме жаңа болғандықтан, оның сыртты валидтілігін анықтауда авторлар позитивті және негативті аффект көрсеткіші мен Хопкинс симптомдар чеклисті (Hopkins Symptom Checklist), Бектің депрессия сауалнамасы (Beck Depression Inventory), Мазасыздану күйінің шкаласы (State-Trait Anxiety Inventory; State Anxiety Scale) арасында корреляциялық талдау жүргізген. Нәтижесінде аталған шкалалардың негативті аффектпен тура байланысы, ал позитивті аффектпен кері байланысы анықталған [2].

Ішкі және сыртқы сенімділігі дәлелденген әдістеме испан, итальян, үнді, араб, кәріс және т.б. тілдерге аударылып, сол елдің ерекшелігіне қарай бейімделген [10; 11]. Сонымен қатар, түрлі мәдениет өкілдері арасындағы позитивті және негативті аффект шкалалары салыстырылған. Өйткені, ұжымдық және жеке мәдениет өкілдерінің эмоцияларға байланысты айтарлықтай айырмашылықтары бар. Мысалы, ұжымдық мәдениет өкілдері үшін топтағы гармония маңызды. Сондықтан, олар эмоциялары мен сезімдерін ашық көрсете бермейді және көбінше көңіл-күйлері тұрақты болады. Аталған жағдайға байланысты 2019 жылы Сингапур және АҚШ тұрғындарына Позитивті және негативті аффект шкаласы жүргізілген. Нәтижесінде бұл әдістеме екі түрлі мәдениет өкілдері үшін өзгермелі екендігі анықталған [12]. Яғни, жауап беруге ұсынылған тармақтардың мағынасы екі топ үшін екі түрлі. Сонымен қатар, 2020 жылы американдық және араб респонденттерінің Позитивті және негативті аффект шкаласы бойынша көрсеткіштері салыстырылып, жоғарыдағы зерттеуге ұқсас нәтижеге қол жеткізген [10].

Позитивті және негативті аффект шкаласының қолданысын кеңейтуде оның балаларға арналған нұсқасы да ұсынылды [13]. Алайда, кей зерттеулерде бұл әдістеме бойынша қарама-қарсы нәтижелер алынды. Сондықтан аустралиялық зерттеуде 7-12 жас аралығында ұл балаларға әдістеменің негізгі нұсқасы жүргізді (альфа-Кронбах 0,8-ден жоғары). Нәтижесінде Watson et al. зерттеуіне ұқсас көрсеткіштерге қол жеткізді. Яғни, барлық жас кезеңі бойынша позитивті аффект деңгейі негативті аффекттен әлдеқайда жоғары [14].

Ал, Аргентинада Позитивті және негативті аффект шкаласы студенттерге, әр түрлі жастағы ересектерге және спортсмендерге онлайн және оффлайн, онымен қоса 5 және 7 балдық бағалау шкаласымен жүргізілген. Нәтижесінде онлайн жүргізу мен 5 балдық шкаланың тиімді екендігі анықталған [15].

Сонымен қатар, Кореяда да колледж студенттеріне өз тілдеріне бейімделген әдістеме жүргізіліп, позитивті аффект пен негативті аффекттің бір-біріне тәуелсіз екені анықталған [11]. Яғни, негативті эмоциялар жиілігінің азаюы позитивті эмоциялар жиілігінің азаюына әсер етпейді.

Жоғарыда берілген ақпараттарға сүйене отырып, позитивті және негативті аффектті өлшеудің әлемдік құралын қазақ тіліне бейімдеудің және бақыттың құрамдас бөлігі ретінде зерттеудің қажеттілігі туындап тұрғанын айта аламыз.

#### **МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ**

*Зерттеудің мақсаты:* Позитивті және негативті аффект шкаласын қазақ тіліне бейімдеу және эмоциялар жиілігінің бақытқа әсер етуін зерттеу.

*Зерттеудің болжамдары:* 1) Позитивті және негативті аффект шкаласының қазақ тіліне аударылған нұсқасының сенімділік деңгейі жоғары болады; 2) Позитивті және негативті эмоциялар жиілігі бақыт деңгейіне әсер етеді.

*Қатысушылар:* Позитивті және негативті аффект шкаласын қазақ тіліне бейімдеу және эмоциялар жиілігін бақытқа әсер етуін эмпирикалық зерттеуге 16-70 жас аралығындағы Қазақстанның түрлі аймағынан жалпы саны 417 қазақ тілді тұлғалар қатысты.

*Өлшемдер:* Эмпирикалық зерттеуді жүргізу барысында Позитивті және негативті аффект шкаласы (The Positive and Negative Affect Schedule; Watson D., Clark L.A., Tellegen A.; 1988) [2] және Оксфордтық бақыт сауалнамасы (The Oxford Happiness Questionnaire; Hills, P. and Argyle, M.; 2002) [16] қолданылды.

РК, г. Туркистан*

*\*Omachabbat@mail.ru*

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ СТРАТЕГИИ РЕЗУЛЬТАТО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

### *Аннотация*

В данной статье процесс результативного дополнительного образования рассматривается в рамках теории психологической относительности. Принятие дополнительного образования в качестве вспомогательной деятельности к основному образованию, ослабляет его результативный потенциал. Изменение отношения к дополнительному образованию и пересмотр сложившейся тенденции – есть основа развития творческой результативности учащихся данной сферы.

Актуальность обеспечения детей дополнительным образованием, обусловлена такими задачами, как значимость организации досуга и фактором эффективной социализации. Если данную обусловленность заменить творческой деятельностью, ориентированной на интерес ребенка, то эффективность дополнительного образования повысится в разы.

В рамках настоящего исследования была предложена гипотеза о трансформации отношения к результативной задаче дополнительного образования. В качестве приоритета рекомендуется держать фокус на состоянии учащегося, в процессе созидания, а не на определении продуктивности и измерения действия. Необходимо прилагать усилия для создания творческого пространства; и задача педагога состоит в том, чтобы способствовать проявлению творческих составляющих, таких как вдохновение, интерес, вовлеченность, удовлетворение и т.д.

В качестве психодидактических стратегии результативного дополнительного образования, рекомендованы соблюдения принципов дифференциации и инклюзивности, что в конечном счете приводят к созданию индивидуальных траекторий дополнительного образования, с учетом интересов и способностей учащихся. Эксперимент проводился в организациях дополнительного образования Жамбылской области и города Тараз. Результаты исследования были представлены на областном семинаре-совещании педагогов-психологов, где были предложены оптимальные пути трансформации ряда условий, ставших стереотипами.

**Ключевые слова:** дополнительное образование, результативное обучение, трансформация, творчество, потенциал, психологическое сопровождение, мотивирование, стратегия.

*M.P. Ospanbayeva<sup>1\*</sup>, G.U. Oralymbetova<sup>1</sup>, S.Sh. Alimbekova<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> M.H. Dulati Taraz State University,  
Republic of Kazakhstan, Taraz*

*<sup>2</sup> International Kazakh-Turkish University named after H.Yasavi,  
Turkestan, \*Omachabhat@mail.ru*

## **PSYCHOLOGICAL STRATEGIES FOR RESULTS-ORIENTED ADDITIONAL EDUCATION**

### *Abstract*

The result-oriented process of additional education is considered within the framework of the theory of psychological relations in the article. Accepting the process of additional education as a secondary activity that indirectly affects the main educational activity, weakens its ability to focus on results. Revising the established trend and changing the attitude to the process of additional education is the basis for satisfying system users and developing their creative potential.

The relevance of providing children with additional education is determined by such tasks as the importance of organizing their free time and the factor of effective socialization. If this relationship is replaced by the creative activity based on the child's interest, then the effectiveness of additional education will increase.

It was proposed to change the attitude towards the task of being oriented to the result as a psychological strategy of additional education. The teacher should plan as a priority to respond to the situation of the learner in the process of performing and creating, rather than forming a specific skill in the child or the desire to achieve a fruitful action product. During the implementation of new tasks and in the process of learning and training, it is necessary to make efforts to establish a creative space by engaging the child, mobilizing in activities, inspiring and bringing to a state of pleasure.

Compliance with the principles of differentiation and inclusiveness was taken into account in result-oriented psychodidactic strategies of additional education. The effectiveness of creating individual trajectories of additional education, taking into account the learners' specific interests and abilities have been studied. The experiment was conducted in additional educational organizations of Zhambyl region and Taraz city. The research results were presented at the regional seminar-council of pedagogues-psychologists. Optimum ways to change a number of conditions that have become stereotypes have been proposed by drawing the attention of the authorized bodies in the field of education and the general public to this problem.

**Keywords:** additional education, result orientation, attitude change, creative potential, psychological support, encouragement, strategy

### **КІРІСПЕ**

Әлеуметтік дағдыларды меңгеру құндылығы жоғары қазіргі заманда, ата-аналар үшін, нақты нәтижелер мен мақсаттарға жетуге бағдарланған қосымша білім беру үрдісінің маңызы зор. Өйткені ол, баланың күнделікті өмірінде қолданатын дағдылар мен болашағына қажетті іскерліктерді нақты бағдарлама негізінде, кезең-кезеңімен, жүйелі түрде үйренуге бағытталады. Тиісті нәтижеге жету үшін, қосымша білім беру үрдісі, нақты мақсаттар шеңберінде ұйымдастырылған сабақтарды – балалардың жоспарлы іс-әрекеттерін қамтиды.

Жаһандық өзгерістер мен сала тұтынушыларының сұраныстарына сәйкес, қосымша білім беру бағдарламалары жүйелі түрде толықтырылып, жаңартылып отырады. Әйтсе де білікті мамандардың жетіспеушілігі, саланы қаржылық қамтамасыз ету мәселелері, үйлестіру жұмыстарының құрылымдалмауы сынды ұйымдастырушы жағдайлар қосымша білім беру сапасына айтарлықтай әсер етеді. Қолданыстағы бағдарламалардың тиімсіздігі оқушылардың үйірме жұмыстарына қызықпауынан және танымдық сұраныстары мен рухани-шығармашылық қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауынан көрінеді. Соңғы 10 жылдағы зерттеу мәліметтері қосымша білім беру үрдісінің психологиялық жағдайларының бірнеше қырларын ашты:

– баланың тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасып, дамуы және әлеуметтену үрдісіне ықпалы туралы О.С. Батурина, Н.С. Белобородова, С.В. Пихтовников, В.А. Иванюшина, Д.А. Александров зерттеулері [1-3];

– икемділіктер мен дағдылардың ерекшеліктері және оқу жетістіктерін дамытудың психологиялық шарттары мен мәселелері туралы К.В. Павленко, К.Н. Поливанова, А.А. Бочавер, Е.В. Сивак, Н.А. Жирова, Ю.В. Малова, П.В. Зуев, С.Я. Трусова еңбектері [4-6];

– бала әлеуетін арттыру үрдісіндегі педагог және қосымша білімнің рөлі мен мәселелері туралы Ю.В. Лебедева, О.И. Герасимова, А.А. Зверева, О.С. Батурина, С.В. Пихтовников, О.Ф. Ковшикова, Е.С. Булат зерттеулері [7-10].

Бүгінгі таңда қазақстандық қоғам алдында және ең бастысы – қосымша білім беру ұйымдарының алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі, өз ата-аналарына қарағанда жаңа жағдайда өмір сүруге қабілетті, ел мүддесіне қызмет ететін, мәселелерді оңтайлы шешуге дайын жаңа заман адамдарын қалыптастыру. Ол үшін жас өскіндердің көзқарастарын басқаға емес, ең бірінші орында өздеріне аударудың психологиялық маңызын негіздеу өзекті. Қосымша білім беру жүйесінің нәтижеге бағдарланған моделін әзірлеу және іске асыру үрдісіндегі ең бастысы – оны тұлғаны дамытуға бағыттау; мәселен, оқушы назарын өзі таңдаған саласы бойынша үлгі тұтарлық ғаламдық ауқымдағы тұлғаларға бағдарлай отырып, өз болмысымен және жетістіктерімен сәйкестендіру. Жаңа есейіп келе жатқан жас адамның жеке қасиеттерінің мазмұнында ұтқырлық, бастамашылдық, шығармашылық, іскерлік қарым-қатынас, ойлаудың икемділігі сынды заманауи әлеуметтік қабілеттердің болуы құптарлық. Сондықтан, нәтижеге бағдарланған қосымша білім беруді ұйымдастыруда құзыреттілік қатынасты дамытуға қарағанда, құндылықтық қатынасты ұстану дұрыстығы болжанады: адами қатынас және өзара қолдау; жанашырлық; кісі жетістігін тани білу, мойындау және қабылдау; жасампаздық; таңдау еркіндігі; дәстүрлер сабақтастығы сынды құндылықтарды жүзеге асыруды көздеген психологиялық-педагогикалық стратегияларға басымдық беру.

Жоғарыда берілген зерттеулерге шолу барысында, нәтижеге бағдарланған қосымша білім беру үрдісінің, тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін арттыруға, өзара қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі реттеу мүмкіндіктерін жетілдіруге оң ықпал ететіні анықталды. Дегенмен, оның барынша нәтижелі болуы үшін, қосымша білім беру үрдісін психологиялық қатынас теориясы негізінде құру тиімділігі жорамалданады. Мұндай болжам жасауға В.Л. Хайкин, Р.Р. Гасанова зерттеулері негіз болды [11-12].

Өйткені, қосымша білім беру жүйесіндегі тұлғаға бағдарлану концепциясының алғы-шарты қатынас мәселесі болып табылады. Демек, педагогтың тәрбиеленушінің психологиялық жағдайын назарда ұстап, оны қызықтыру, іс-әрекетке жұмылдыру, шабыт, рахат күйіне түсіруді басымдық ретінде жоспарлауы – балаға қатынасы. Осылайша шығармашылық ахуалды арттыруға негізделген жайлы орта, қауіпсіз кеңістік қалыптастыруға күш жұмсау арқылы, қосымша білім беру нәтижелілігі артатыны болжанады.

Психологиялық қатынасты жақсарту аясында қалыптасқан жайлылық оқушылардың психикалық процесстерін жандандырады. Ал, танымдық қабілеттер мен қосымша білім берудің адамның ересектік кезеңіне әсері туралы Уильям С. Кремен, Асад Бек, Джереми А. Элман, Даниэль Э. Густавсон, Чандра А. Рейнольдс, Син М. Ту, Марк Э. Сандерсон-Чимино, Мэттью Паниззон, Ээро Вуоксимаа, Розмари Туми, Кристин Феннема-Нотестайн, Дональд Дж. Хаглер, Дж. Бин Фанг, Андерс М. Дейл, Майкл Дж. Леонс, Кэрол Э. Франц зерттеулерінде үздік дәлелдемелер келтірілген [13].

Қосымша білім беру үрдісіндегі психологиялық мәселелерді ажырату арқылы, оларды еңсеру стратегияларын анықтап, нәтижеге бағдарлану әлеуетін арттыру мүмкіндігі жоғарылайды. Сондықтан, жоғарыда аталған зерттеулердегі психологиялық мәселелер қатары

ұсынылады: шамадан тыс жүктеме нәтижесінде психоэмоциялық күйзеліс туындау қатері; басқаның жетістігімен салыстыру арқылы, өз нәтижесіне қанағаттанбаудан туындайтын «толымсыздық кешені»; қосымша білімді жеке уақытты шектеу және әлеуметтік оқшаулау ретінде, жаңсақ қабылдау салдарынан пайда болатын агрессиялар; ата-аналар мен педагогтардың жоғары талаптары мен үміттері түрткі болатын психологиялық қысым; тек нәтижені бағалауға ұмтылу әсерінен болатын, табыстың бұрмаланған көрінісінен туындайтын қанағаттанбау және бақытсыздық сезімдері; демалыссыз жаттығу негізінде, шаршап-болдыруға әкеп соғатын күйзеліс немесе «күй». Аталған психологиялық мәселелерді қосымша білім беру үрдісіндегі міндетті немесе шартты келеңсіздіктер ретінде қабылдамаған жөн. Баланың жақындары тарапынан қолдау көрсетіліп, қосымша білім жүктемесі мен өмірінің басқа жақтары арасында тепе-теңдік орнатылған жағдайда және оң психологиялық қатынас аясында оларды реттеу мүмкіндігі туындайтыны сөзсіз.

### **ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**

Қосымша білім беру ұйымдарында нәтижеге бағдарланған оқытудың психологиялық стратегияларын зерттеу үрдісінде келесі тәжірибелік және жалпығылыми әдістер қолданылды: сабақ барысында бақылау, сабақтан тыс уақытта сұхбаттасу, сыналушылардың жемісті іс-әрекет нәтижелерін талдау, зерттеу барысында алынған деректерді өңдеу, эмпирикалық ақпараттарды салыстыру, зерттеу нәтижелерін қорытындылау.

Зерттеуге қосымша білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері, педагогтары, психологтары және ата-аналар қатысты. Зерттеу жұмыстары Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізетін облыстық орталығы» коммуналды-мемлекеттік мекемесінде (КММ) 2023-жылдың екінші жартысында басталып, 2 тоқсан бойы жүргізілді. Анықтау экспериментінің қорытындысы Жамбыл облысының қосымша білім беру ұйымдары педагогтарының тамыз конференциясында баяндалды; ал қалыптастыру экспериментінің нәтижесі және зерттеу бойынша жалпы қорытынды қараша айында, қосымша білім беру педагог-психологтарына арналған «Нәтижеге бағытталған психологиялық қызмет моделі – ұйымдастырылуы және тиімді әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы облыстық семинарда талқыланды.

Қосымша білім беру субъектілерін іс-әрекет барысында бақылау кезеңінде үрдістің нәтижеге бағдарлануының аса маңызды көрсеткіші әрі бірден-бір құрамдас компоненті *бағалау* екені анықталды. Зерттеу базасында бағалау іс-әрекетіне педагог та, оқушы да белсенді қатыса отырып, негізгі сараптауды рефлексия, кері байланыс және критериалды бағалау процедуралары арқылы жүзеге асыратыны белгілі болды. Қол еңбегі, спорт, музыка, бейнелеу өнері және робототехника үйірмелерінде критериалды бағалауға басымдық берілсе, танымдық дамуға негізделген мәнерлеп оқу, шешендік өнер, логика сабақтарында рефлексия мен кері байланыс қатарласа жүретіні байқалды. Бұл – үйірме оқушыларының нәтижеге бағдарлануының тиімді көрсеткіші ретінде анықтала отырып, үйрену және үйрету сапасын жоғарылататын жеке білім беру траекторияларын құру кезінде де өте өзекті бағалау екені анықталды. Осы тұста айтулы физик А.Эйнштейннің «Біз бәріміз – данышпанбыз; ал, егер балықты ағашқа өрмелеу қабілетімен бағаласақ, ол өзін өмір бойы ақымақ санап өмір сүреді» тәмсілінің маңызы зор екені расталды [14].

Сыналушыларды сабақ барысында бақылау және қосымша білім беру субъектілерімен сабақтан тыс уақытта сұхбаттасу кезінде, нәтижеге бағдарлану үрдісі дифференциация мен инклюзия қағидаларын ұстану қажет ететінін көрсетті [15].

Педагогикалық психологияның дидактикалық стратегиялары болып табылатын саралап үйрету технологиясы мен сыналушының даралық даму ерекшеліктеріне негізделі отырып, құрылатын жеке білім беру траекториялары, нәтижеге бағдарлану үрдісінде, педагогтар басшылыққа алатын бірден-бір тәсіл екені белгілі болды. Зерттеу жоспарын құру үшін, осы тәсілдерді қолдану кезінде қандай критерийлерге сүйену маңызды болатыны қосымша білім беру ұйымының педагогтары мен психологтары арасында талқыланды. Нәтижеге бағдар-

лануды өнімділікпен сәйкестендіру, көп жағдайда оқушы ресурсын тиімді пайдалануға кереғар келетіні – мәселен, көрсеткіш қуалау баланы қажытып, денсаулық және көңіл-күй ахуалына кері әсер ететін жағдайларға әкеп соғатыны анық. Ал, мәселеге екінші қырынан қарап, яғни қосымша білім беру үрдісінің нәтижесі ретінде сыналушы жағдайына – оның психологиялық ахуалына басымдық беру, ұзақ мерзімді жетістікке жетелейтін табыс стратегиясы екені тұжырымдалды. Мұндай дилеммаға қосымша білім беру үрдісі тұтынушыларының заңды өкілдері – ата-аналардың қатынасын анықтау үшін, олармен сұхбаттасып, сауалнама жүргізілді. Дәл осындай сауалнама үйірмелердің педагогтары арасына да таратылды.

Нәтижеге бағдарлану үрдісінің психологиялық стратегиясы ретінде құндылық бағдарды айқындау маңызы тұжырымдалып, оның мазмұны қосымша білім беру субъектілерін құрметтеу, қолдау, қызықтыру болып белгіленді. Ал, жеке білім беру траекториясын құру критерийлері сыналушылардың қызығушылығы мен қабілет ерекшеліктерін негізге алуы тиістігі айқындалды.

Зерттеу болжамына сәйкес, эксперимент алаңында нәтижеге бағдарланған қосымша білім беру үрдісіне қатынасты өзгерту міндеттері қарастырылып, талданды. Педагогтардың оқушы жетістіктеріне ұмтылысы мәселені тар мағынада зерделеу салдары екені дәлелді мысалдармен негізделіп, табыс стратегиясы ретінде балалардың рухани еркіндігі мен шығармашылық бірегейлігін тану концепциясы ұсынылды. Ол үшін қосымша білім беру ұйымында жайлы ахуалды қамтамасыз ететін, шығармашылық кеңістікті орнату қажеттігі міндеттелді. Бұл мекеменің материалды-техникалық базасын инновациялық жабдықтаудан бастап, ұстаздардың кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін қамтамасыз ету, оқыту-үйретудің тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану сынды жалпы әкімшілік-шаруашылық іс-шаралардан өзге, қосымша білім беру үрдісіне нақты психологиялық стратегияларды интеграциялауды талап етеді:

- сыналушыларда үйірме бағытына сәйкес, жаңа дағдылардың қалыптасуы үшін, балама тәсілдерді ұсына отырып, жобалық зерттеу әдістерін баланың жеке қызығушылығы аясында таңдауды қамтамасыз ету;
- жемісті әрекет өнімін жасау үшін, сабақтағы іс-әрекет жоспарын оқушы құлшынысын ескере отырып, құру;
- оқушыларды орындау-көшіру-қайталауға қарағанда, жасау-әзірлеу-дайындау үрдісіне ынталандыру;
- нәтижеден бала жағдайын жоғары бағалау үшін, үнемі оның тыныс алуын бақылау, зейінінің бағытын назарда ұстау және орта ахуалына ден қою;
- жаңа міндеттерді жүзеге асыру барысында, баланы қызықтыруды басымдық ретінде жоспарлау;
- жаттығу үрдісінде, оқушыны іс-әрекетке жұмылдыруды шабыттандыру арқылы жүзеге асыруды әдетке айналдыру;
- оқушылардың өздері орындаған іс-әрекеттерінен шығармашылық ләззат алу, рахаттану және жолдасы жасаған өнімге сүйсіну күйіне баулу.

Балаларды қосымша біліммен қамтамасыз ету өзектілігі олардың бос уақыттарын ұйымдастыру маңызы және тиімді әлеуметтену факторы сынды міндеттермен шартталады; ал нәтижеге бағдарлану – бала қызығушылығына негізделген шығармашылық қатынас арқылы қамтамасыз етіледі.

### **НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛДАУ**

Нәтижеге бағдарланған қосымша білім беру үрдісінің психологиялық стратегияларын зерттеу үшін, ата-аналармен жүргізілген сұхбат барысында, олардың екі мәселеге қатынасы анықталды: қосымша білім беру нәтижесі және одан күтілетін әсер. Осы ретте ұсынылған алғашқы сауал – «Балаңыздың қосымша білім беру ұйымындағы сабақтарының нәтижесі болып табылатын жағдайлардың бірін таңдаңыз». Жауап нұсқасы ретінде төрт балама

берілді: «Балам мектепте оқытпайтын, бірақ өмір сүру үшін маңызды білімдер мен дағдыларды меңгереді»; «Балам өзінің талантын танытып, қабілеттерін дамытады»; «Балам болашақтағы кәсіби қызметі үшін маңызды дағдыларды игереді»; «Балам мектепке қажетті білімдерін тереңдетіп, жетілдіреді». Сауалнамаға қатысқан 30 ата-ананың 6-ы (20 %) 1-жауап нұсқасын, 7-і (23 %) 2-жауапты, 8-і (27 %) 3-жауапты, 9-ы (30 %) 4-жауап баламасын көрсетті.

Қосымша білім беру ұйымдары субъектілерінің ата-аналарына қойылған екінші сауал: «Бала қосымша білім беру ұйымынан не алуы керек деп ойлайсыз?». Алдын-ала әзірленген 4 жауап баламасы бойынша алынған нәтижелер: «Ләззат, қуаныш, жақсы әсер және тамаша естеліктер» – 6 (20 %), «Құрдастарымен араласу және үлкендермен байланыс» – 8 (27 %), «Денсаулығын нығайту және тәндік дамуын жақсарту» – 7 (23 %), «Жекелеген оқу пәндері бойынша қосымша, тереңдетілген дайындық» – 9 (30 %).

Сұхбат нәтижелерін салыстыра талдау барысында, жауаптардың өзара сәйкестігі анықталды. Мәселен, 2 сауалдың да 1-жауаптары мен 4-жауаптары бірдей нәтиже көрсетті; ал алғашқы сауал мен соңғы сауалдың екінші және үшінші жауаптарының көрсеткіштері алмасып келді. Бұдан шығатын қорытынды – қосымша білім беру үрдісіне деген ата-аналардың қалыптасқан, тұрақты көзқарастарының болуы. Демек, ата-аналардың басым көпшілігі, қосымша білім беру ұйымының нәтижелілігін мектепке қажетті білімдерді тереңдетумен және одан күтілетін әсерді оқу пәндері бойынша терең дайындықпен байланыстырады. Бұдан кейінгі басымдық – кәсіби қызмет үшін маңызды дағдыларды игеру мен айналасымен араласу іскерлігіне берілген. Ал, ең төменгі орында – өмір сүру үшін маңызды дағдыларды меңгеру мен қуанышты күй, жақсы әсерлер бағаланған.

Ата-аналардың пікірлері мен үйірме жеткшілерінің көзқарастарының қаншалықты өзара сәйкестіктерін анықтау мақсатында, келесі сауалнама педагогтардың арасында жүргізілді. Зерттеуге 24 педагог қатысты. Оларға қосымша білім беру ұйымының нәтижелілігін арттыратын міндеттер маңызын ретіне қарай белгілеу ұсынылды: «Білім беру қызметтері нарығында мектеп оқушыларының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету»; «Әр түрлі пәндік салаларда терең білім мен дағдыларды алу үшін жағдай жасау»; «Кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыру үшін жағдай жасау»; «Еркін дамуы үшін қажетті жеке қасиеттер мен қабілеттерді жетілдіру». Жауап баламаларының аса маңыздысын бірінші орында, ең маңызды емесін соңғы орында белгілеуге нұсқау берілді. Эксперимент базасындағы педагогтар қосымша білім беру нәтижелілігін арттыратын міндеттер басымдығын келесі ретпен бағалады:

1) білім беру қызметтері нарығында мектеп оқушыларының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету – 7 (29 %);

2) әр түрлі пәндік салаларда терең білім-дағды алу үшін жағдай жасау – 6 (25 %);

3) кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыру үшін жағдай жасау – 6 (25 %);

4) еркін дамуға қажетті жеке қасиеттер мен қабілеттерді жетілдіру – 5 (21 %).

Сыналушылар үшін нәтижеге бағдарланған қосымша білім беру ұйымдарының маңызын анықтауда ата-аналар мен педагогтардың көзқарастары бір жерден шықты. Екі тарап та көрсеткіштерді маңызды деп тауып, нәтижелілікті арттыру мәнін оқушылардың мектептегі үлгерімін жақсартумен және болашақтағы кәсіби бағдарларымен байланыстырды.

Сұхбаттасу қорытындысынан зерттеу концепциясына сәйкес нәтиже ала алмағандықтан, эксперименттік жоспарды жүзеге асыру үшін, қосымша білім беру ұйымының педагогтары мен психологтарына зерттеу бағдары ұсынылып, 2 тоқсан бойы арнайы нұсқаулықпен жұмыс жасау тапсырылды. Нәтижеге бағдарланған қосымша білім беру үрдісінде жетістікке жетуге қандай психологиялық стратегиялар көмектесетінін анықтау сынақтарын өткізу үшін, оқушылардың жүйке жүйесін тыныштандыру, шығармашылық өнімділікті арттыру және ой-сананы кеңейтуге бағытталған психологиялық стратегияларды қолдану ұсынылды. Экс-

перименттік жоспарға сәйкес, берілген психологиялық стратегияларды үздіксіз, күнделікті қолдану барысынан күтілетін болжалды нәтижелер:

✓ оқу үрдісіне оң әсер етеді – балалардың оқу материалдарын жақсы меңгеруіне және уақытты тиімді пайдалануларына көмектеседі;

✓ мәселелерді оңтайлы шешуге дағдыланады – оқушылар қиындықтарды жеңіл еңсереді және қолайлы шешімдер табады;

✓ өзара қарым-қатынас жақсарады – сыналушылар басқаларды жақсы түсінетін және сыйлайтын болады.

Экспериментті жүзеге асыру үшін, қосымша білім беру үрдісіндегі заманауи психологиялық стратегияларды апробациялау ұсынылды. Қосымша білім беру субъектілерінің ой-саналарын кеңейту үшін, педагогтарға оңтайлы трансформациялау құралы ретінде геймификацияны қолдану, яғни сабақтарға ойын арқылы дамыту тәсілдерін енгізу міндеттелді. Психологтарға балалардың шығармашылық еркіндігін дамытып, жасампаздық пен шабыт, рухани ләззат сезімдерін өрістетуге құралы ретінде психотерапияның оңтайлы түрлерін (арт-терапия, ойын терапиясы, психодрама, би терапиясы, т.б.) үздіксіз жүргізіп отыру тапсырылды. Үйірме жетекшілеріне сабақтарды тренинг форматында өткізуге басымдық беру және сабақ арасында тыныс алу жаттығулары мен медитация элементерін пайдалануға бағыт-бағдар берілді.

Мұндағы міндет – нәтижеге бағдарланған қосымша білім беру үрдісіне қалыптасқан қатынасты, А.К. Брудновтың келесі пікіріне сәйкес өзгерту: «Қосымша білім беру саласы мектептегідей болмауы керек; қандай керемет мектеп болса да, әр бала оның шекарасынан шыққысы келеді; ал әр баланың толық білім алуы үшін, міндетті түрде таңдау еркіндігімен, мектеп пәндерінен басқа, кең көлемді эстетикалық және дене тәрбиесі қажет» [15].

Үш ай үздіксіз тәжірибе негізінде, нәтижеге бағдарлану үрдісіне қосымша білім беру ұйымы субъектілерінің көзқарастары өзгерді. Оны зерттеудің келесі кезеңі – бақылау эксперименті нәтижелерінің деректерімен негіздейік. Ата-аналарға «Соңғы уақытта, Сіздің ойыңызша, қосымша білім беру ұйымында қандай өзгерістер болды?» сауалына 4 жауап баламасының бірін таңдау ұсынылды: «мұғалімдердің кәсіби деңгейі артты»; «дарынды балаларды дамыту үшін жағдайлар жасалды»; «өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға ерекше жағдайлар жасалды»; «оқушылардың өз жетістіктерін көрсету мүмкіндіктері артты». Сауалнамаға қатысқан 29 ата-ананың 7-і (24 %) 1-жауап нұсқасын, 5-і (17 %) 2-жауапты, 6-ы (21 %) 3-жауапты, 11-і (38 %) 4-жауап баламасын көрсетті.

Дәл осы сауалды педагогтарға қойғанда, алынған нәтиже: 24 педагогтың 8-і (33%) 1-жауапты, 5-і (21%) 2-жауапты, 5-і (21%) 3-жауапты, 6-ы (25%) 4-жауапты таңдады.

Сонымен, эксперименттен кейінгі сауалнама нәтижесін талдау барысында анықталғаны: мұғалімдердің кәсіби деңгейінің артқанын ата-аналардың 24%, педагогтардың 33 % (орташа есеппен 28,5%); дарынды балаларды дамыту үшін жағдайлар жасалғанын ата-аналардың 17 %, педагогтардың 21 % (орта есеппен 19%); өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға жағдайлар жасалғанын ата-аналардың 21%, педагогтардың 21 % (орташа есеппен 21%); оқушылардың өз жетістіктерін көрсету мүмкіндіктері артқанын ата-аналардың 38 %, педагогтардың 25 % (орташа есеппен 31,5%) көрсеткен.

Анықтау эксперименті мен бақылау экспериментінің қорытындыларын салыстыру барысында, қосымша білім берудің психологиялық стратегиясы ретінде, нәтижеге бағдарлану міндетіне қатынасты өзгерту оң нәтиже беретіні анықталды: құзыреттілікті дамытуға қарағанда, құндылықтық қатынасты ұстану нәтижелілігі артты.

### **ҚОРЫТЫНДЫ.**

Қосымша білім беру үрдісінің нәтижеге бағдарлануы жоғары көрсеткішке бағытталған тиімді үрдіс болып табылады. Дегенмен, нәтижеге бағдарлану, барлық жағдайда дерлік, көрсеткіштермен анықталып, өлшенетін болады. Бұл – қосымша білім беру субъектілерінің



әрдайым көрсеткіш қуалап, мезі болуына әкеп соғады. Оның ақыры педагогтар үшін «кәсіби күю» синдромын туғызса, оқушылар үшін шектен тыс жүктеме салдары негізгі оқу іс-әрекетіне салқынын тигізуі әбден ықтимал. Сондықтан, зерттеу болжамы нәтижеге бағдарлану үрдісіне қатынасты өзгерту тетігін ұсынуды қарастырды; нәтижелілік ретінде іс-әрекет салдарын емес, үрдісті тану жоспарланды.

Эксперимент жоспары қосымша білім беру ұйымдарындағы оқу үрдісін ұйымдастыруда психологиялық стратегияларға негізделуді ұсынды. Ол үшін педагогтар мен психологтарға әдістемелік көмектер көрсетіліп, нақты тапсырмалар берілді: оқушылардың жүйке жүйесін тыныштандыру арқылы, ой-саналарын кеңейтіп, шығармашылық еркіндіктерін дамыту. Осы ретте қосымша білім беру үрдісінде геймификацияны кеңінен қолдану және психотерапия, ребефинг, медитация элементерін пайдалану міндеттелді.

Тәжірибелік-зерттеу жұмыстары 2 тоқсан бойы жүргізілді; эксперимент базасындағы үш ай үздіксіз тәжірибе негізінде, нәтижеге бағдарлану үрдісіне қатынас өзгерді. Қосымша білім беру ұйымы субъектілерінің оқушы жетістігін «тап қазір және осы жердегі» міндеттермен өлшеу түпкілікті жеңіс сыйламайтынына көздері жетті. Тұрақты әрі ұзақ мерзімді нәтижеге, жайлы шығармашылық кеңістіктегі оқушының үйлесімді психологиялық ахуалы арқылы қол жеткізу мүмкіндігі расталды. Мұндай жағдайды орнықтыру психологиялық стратегияларды әрдайым және үзбей қолдану нәтижесі болып табылатыны анықталды.

Қосымша білім беру үрдісін психологиялық сүйемелдеу – педагогтың әркез баланың қасынан табылуы, тыңдауы, көмектесуі, қолдауы, жігерлендіруі, жұбатуы, талпынысын қуаттауы, шабытын шыңдап-қанаттандыруы негізінде жүзеге асырылады. Осындай ынталандырулар нәтижесі баланың оқуға деген құлшынысын арттырып, болашағы үшін білім маңызын терең ұғынуға әкеледі; алдына қойған мақсаттарға ұмтылып, кездескен қиындықтарды өз бетінше еңсере алатындай дербестіктерін қалыптастырады; ақыл-ой еркіндігін дамытып, тәуелсіз көзқарас иесі ретінде, рухани кемелдену жолын тандауына ықпал етеді.

Нәтижеге бағдарланған қосымша білім беру үрдісінде психологиялық стратегияларды қолдану тиімділігін зерттеу нәтижесі оқушылардың үлгерімдерінің жақсарғанын, еңбек өнімділіктері артып, тәртіптерінің оңалғанын көрсетті. Бұл – білім беру үрдісін ұйымдастыру барысында саралап оқыту, даралық ерекшеліктерге негізделе, үйрету және инклюзия қағидаларын ұстанумен байланысты. Оқушыны дамытудың жеке білім беру траекториясын қалыптастырумен байланысты осы жағдай құзыреттілік сипатта емес, құндылық бағдарға негізделе құрылғанда, тиімділігі жоғары болатыны анық.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Батурина О.С., Белобородова Н.С., Пихтовников С.В. *Стратегия развития основного и дополнительного образования как одно из условий преодоления барьеров социализации личности // Образование: традиции и инновации стратегии. 2013. – № 3(9). – С. 40 – 48.*

2. Иванюшина В.А., Александров Д.А. *Социализация через неформальное образование: внеклассная деятельность российских школьников // Вопросы образования. 2014. – №3. – С. 174 – 196.*

3. Голованов В.П. *К вопросу о стратегии и тактике современного дополнительного образования детей: через призму тридцатилетнего юбилея // Про ДОД. Информационно-методический журнал. 2022. – №1(37). – С.5 – 14.*

4. Павленко К.В., Поливанова К.Н., Бочавер А.А., Сивак Е.В. *Дополнительное образование школьников. Вопросы образования // 2019. – №2 – С. 241 – 258.*

5. Жирова Н.А., Малова Ю.В. *Возможность достижения метапредметных и личностных образовательных результатов в процессе обучения по дополнительным программам // Про ДОД. 2017. – №5(11). – С. 23 – 38.*

6. Зув П.В., Трусова С.Я. *Объективная оценка результатов освоения дополнительных общеобразовательных программ учащимися как средство повышения качества образования в организациях дополнительного образования // Педагогическое образование в России. 2015. – №9. – С. 118 – 124.*

7. Лебедева Ю.В. Некоторые аспекты влияния дополнительного профессионального образования на повышение потенциала личности человека // *Профессиональное образование в современном мире*. – 2016. – Т. 6, – № 3. – С. 428 – 434.

8. Герасимова О.И., Зверева А.А. Свобода дополнительного образования – стезя к профессиональному самоопределению // *Дополнительное образование детей: ресурсы развития. Материалы VI Межрегиональной заочной научно-практической конференции*. – Екатеринбург: ГАНУ СО «Дворец молодёжи», 2019. С. 38 – 41.

9. Батурина О.С., Пихтовников С.В. Стратегические задачи дополнительного образования в преодолении барьеров социализации личности у педагогов. Материалы II Международной научно-практической конференции «Психология труда и профессиональное развитие педагога: актуальное состояние, проблемы и перспективы» – М.: Научные технологии, 2013. – С. 138 – 141.

10. Ковшикова О.Ф., Булат Е.Ф. Социальная и творческая активность педагогов по воспитанию патриотизма у детей, реализуемая в сотрудничестве образовательной организации и семьей обучающихся. В кн.: С.В. Кривых, А.Д. Абашина *Воспитание и социализация в современной социокультурной среде // Сборник научных статей Международной научно-практической конференции*. СПб.: Изд. РГПУ им. Герцена, 2019. – С. 598 – 601.

11. Хайкин В.Л. Психологическая работа в дополнительном образовании // *Вестник практической психологии образования*. 2014. № 2 (39). С. 16 – 21.

12. Гасанова Р.Р. Методологические проблемы изучения персональных траекторий образования в педагогической психологии // *Профессиональное образование в современном мире*. – 2020. – Т. 10, – № 4. – С. 4262 – 4270.

13. William S. Kremena, Asad Beck, Jeremy A. Elman, Daniel E. Gustavson, Chandra A. Reynolds, Xin M. Tu, Mark E. Sanderson-Cimino, Matthew S. Panizzon, Eero Vuoksima, Rosemary Toomey, Christine Fennema-Notestine, Donald J. Hagler Jr., Bin Fang, Anders M. Dale, Michael J. Lyons and Carol E. Franz. *Influence of young adult cognitive ability and additional education on later-life cognition // PNAS*, 2019. Vol. 116, № 6. Pp. 2021 – 2026.

14. Оспанбаева М.П. *Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі (2-басыл.)*. – А.: Дарын басп., 2023. – 246 б.

15. Ковшикова О.Ф., Абашина А.Д. Организационно-психологические особенности индивидуального сопровождения ребенка с особыми возможностями здоровья в условиях учреждения дополнительного образования // *Герценовские чтения: психологические исследования в образовании*. – СПб.: Изд. РГПУ им. Герцена, 2021. Выпуск 4. – С. 290 – 297.

#### References:

1. Baturina O.S., Beloborodova N.S., Pihovnikov S.V. Strategy for the development of basic and additional education as one of the conditions for overcoming barriers to personal socialization // *Education: traditions and innovations strategies*. 2013. – № 3(9). – Pp. 40-48.

2. Ivanyushina V.A., Alexandrov D.A. Socialization through non-formal education: extracurricular activities of Russian schoolchildren // *Questions of education*. 2014. – No.3. – pp. 174-196.

3. Golovanov V.P. On the issue of strategy and tactics of modern additional education for children: through the prism of the thirtieth anniversary // *About the DOD. Information and methodological journal*. 2022. – №1(37). – Pp.5-14.

4. Pavlenko K.V., Polivanova K.N., Bochaver A.A., Sivak E.V. Additional education of schoolchildren. *Questions of education // 2019. – №2 – Pp. 241-258.*

5. Zhironova N.A., Malova Yu.V. The possibility of achieving meta-subject and personal educational results in the learning process according to additional programs // *About the DOD*. 2017. – №5(11). – Pp. 23-38.

6. Zuev P.V., Trusova S.Ya. Objective assessment of the results of mastering additional general education programs by students as a means of improving the quality of education in additional education organizations // *Pedagogical education in Russia*. 2015. – №9. – Pp. 118 – 124.

7. Lebedeva Yu.V. Some aspects of the influence of additional vocational education on increasing the potential of a person's personality // *Vocational education in the modern world*. 2016. Vol. 6, №3. Pp. 428-434.

8. Gerasimova O.I., Zvereva A.A. Freedom of additional education – the path to professional self-determination // *Additional education for children: development resources. Materials of the VI Interregional correspondence scientific and practical conference*. – Yekaterinburg: «Youth Palace», 2019. Pp. 38-41.

9. Baturina O.S., Pihtovnikov S.V. *Strategic objectives of additional education in overcoming barriers to personal socialization among teachers. Materials of the II International scientific and practical conference "Labor psychology and professional development of a teacher: current state, problems and prospects" – Moscow: Scientific technologies, 2013. – Pp. 138 – 141.*

10. Kovshikova, O.F., Bulat, E. S. (2019) *Sotsialnaya i tvorcheskaya aktivnost pedagogov po vospitaniyu patriotizma u detey. realizuyemaya v sotrudnichestve obrazovatelnoy organizatsii i semey obuchayu-shchikhsya [Social and creative activity of teachers on education of patriotism in children, implemented in cooperation of educational organizations and families of students]. In: S.V. Krivykh, A.D. Abashina (eds.), Vospitaniye i sotsializatsiya v sovremennoy sotsiokulturnoy srede. Sbornik statej Mezhdunarodnoj nauchnoprakticheskoy konferentsii [Education and socialization in the modern socio-cultural environment. Collection of articles of the International scientific and practical conference]. Saint Petersburg: Herzen State Pedagogical University of Russia Publ., Pp. 598–601.*

11. Khaykin V.L. *Psychological work in additional education // Bulletin of practical psychology of education. 2014. №2 (39). Pp. 16-21.*

12. Hasanova R.R. *Methodological problems of studying personal trajectories of education in pedagogical psychology // Vocational education in the modern world. 2020. Vol. 10, №4. Pp. 4262 – 4270.*

13. William S. Kremena, Asad Beck, Jeremy A. Elman, Daniel E. Gustavson, Chandra A. Reynolds, Xin M. Tu, Mark E. Sanderson-Cimino, Matthew S. Panizzon, Eero Vuoksima, Rosemary Toomey, Christine Fennema-Notestine, Donald J. Hagler Jr., Bin Fang, Anders M. Dale, Michael J. Lyons and Carol E. Franz. *Influence of young adult cognitive ability and additional education on later-life cognition // PNAS, 2019. Vol. 116, №6. Pp. 2021 – 2026.*

14. Ospanbayeva M.P. *Content and methodology of Inclusive Education (2nd edition). – A.: Daryn publishing house, 2023. – 246 P.*

15. Kovshikova O.F., Abashina A.D. *Organizational and psychological features of individual support for a child with special health conditions in an institution of additional education // Herzen readings: Psychological research in education. – St. Petersburg: Publishing House of the Herzen State Pedagogical University, 2021. Issue 4. – Pp. 290-297.*

**МРНТИ 15.81.61**

10.51889/2959-5967.2023.77.4.013

Елеусизкызы М.<sup>1</sup>, Бутабаева Л.А.<sup>2\*</sup>, Жиенбаева Н.Б.<sup>3</sup>

<sup>1,3</sup> *Казахский национальный педагогический университет им. Абая,  
(Алматы, Казахстан)*

<sup>2\*</sup> *Национальная академия образования им. Ы.Алтынсарина,  
(Астана, Казахстан)*

## **ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ТЕХНОЛОГИИ «FLIPPED CLASSROOM» В ИНКЛЮЗИВНОМ ОБРАЗОВАНИИ**

### *Аннотация*

В статье приведены результаты эмпирического исследования, сконцентрированного на выявление особенностей применения технологии электронного обучения и перевернутого класса «flipped classroom» в инклюзивном образовании, определении их влияния на мотивацию и академические показатели студентов 1-2 курсов Казахского национального педагогического университета имени Абая.

Методы исследования: структурированный опросник Google Forms для комплексной характеристики непосредственного и эффективного влияния технологии «flipped classroom» на мотивацию и академические показатели студентов.

Полученные результаты исследования показали, что только 34% студентов мотивированы на использование технологии «flipped classroom» в вузе, 66% респондентов оценивает

уровень как низкий, что свидетельствует об отсутствии необходимого внимания современным подходам в обучении и низком уровне осведомленности преподавателей о технологии или неготовности их внедрения в образовательный процесс.

Практическая значимость настоящего исследования заключается в представленной разработкой авторами студентоцентрированной программы обучения, основанной на сочетании принципов электронного обучения и технологии «flipped classroom». Цель программы обосновывается необходимостью использовать технологии «flipped classroom» в инклюзивном образовании, совершенствовании компетентности студентов в применении данного эффективного инструментария, и в повышении уровня мотивации и академических показателей.

*Статья подготовлена в рамках проекта МНВО РК BR21882231 «Концептуальная модель обеспечения инклюзивности и доступности в системе среднего образования Казахстана»*

**Ключевые слова:** инклюзивное образование, «flipped classroom», электронное обучение, профессиональная компетенция, мотивация, академические показатели, особые образовательные потребности (ООП), студенты.

*М.Елеусизкызы,<sup>1</sup> Л.А. Бутабаева<sup>2\*</sup>, Н.Б. Жиенбаева<sup>3</sup>*  
*<sup>1,3</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,*  
*(Алматы, Қазақстан)*  
*<sup>2\*</sup> Ұлттық білім академиясы, С.Алтынсарин*  
*(Астана, Қазақстан)*

## **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ "FLIPPED CLASSROOM" ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

### *Аннотация*

Мақалада инклюзивті білім беруде электронды оқыту технологиясын және ауыспалы сыныпты қолдану ерекшеліктерін анықтауға, олардың Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 1-2 курс студенттерінің ынтасы мен оқу үлгеріміне әсерін анықтауға бағытталған эмпирикалық зерттеудің нәтижелері берілген. .

Зерттеу әдістері: «Төңкерілген сынып» технологиясының студенттердің мотивациясы мен оқу үлгеріміне тікелей және тиімді әсерін жан-жақты сипаттауға арналған құрылымдық Google Forms сауалнамасы.

Зерттеу нәтижелері студенттердің тек 34%-ы ғана университетте «айналмалы сынып» технологиясын қолдануға ынталы екенін көрсетті, респонденттердің 66%-ы деңгейді төмен деп бағалады, бұл оқытудың заманауи тәсілдеріне қажетті көңіл бөлінбегенін көрсетеді. мұғалімдердің технология туралы хабардарлығының төмен деңгейі немесе оларды оқу процесіне енгізуді қаламауы.

Бұл зерттеудің практикалық маңыздылығы электронды оқыту қағидаттары мен flipped classroom технологиясының үйлесімі негізінде авторлар әзірлеген ұсынылған студентке бағытталған оқыту бағдарламасында жатыр. Бағдарламаның мақсаты инклюзивті білім беруде «айналған сынып» технологияларын қолдану, осы тиімді құралды пайдалануда оқушылардың құзыреттілігін арттыру, мотивация мен оқу үлгерімін арттыру қажеттілігімен негізделген.

*Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің BR21882231 «Қазақстанның орта білім беру жүйесінде инклюзивтілік пен қолжетімділікті қамтамасыз етудің концептуалды моделі» жобасы аясында дайындалған.*

**Түйін сөздер:** инклюзивті білім беру, "flipped classroom", электрондық оқыту, Кәсіби құзыреттілік, мотивация, академиялық көрсеткіштер, арнайы білім беру қажеттіліктері (ОР), студенттер.

Eleusizkyzy M.,<sup>1</sup> Butabayeva L.A.,<sup>2\*</sup> Zhienbayeva N.B.<sup>3</sup>

1.3 Kazakh National Pedagogical University,

1.4 (Almaty, Kazakhstan)

<sup>2\*</sup> National Academy of Education named after Y. Altynsarina,  
(Astana, Kazakhstan)

## PSYCHOLOGICAL FEATURES OF THE USE OF "FLIPPED CLASSROOM" TECHNOLOGY IN INCLUSIVE EDUCATION

### Annotation

The article presents the results of an empirical study focused on identifying the features of using e-learning technology and the flipped classroom in inclusive education, determining their impact on the motivation and academic performance of 1st-2nd year students at the Abai Kazakh National Pedagogical University.

Research methods: structured Google Forms questionnaire for a comprehensive characterization of the direct and effective impact of the "flipped classroom" technology on the motivation and academic performance of students.

The results of the study showed that only 34% of students are motivated to use the "flipped classroom" technology at the university, 66% of respondents rate the level as low, which indicates a lack of necessary attention to modern approaches to teaching and a low level of teachers' awareness of the technology or unwillingness to implement them into the educational process.

The practical significance of this study lies in the presented student-centered training program developed by the authors, based on a combination of e-learning principles and flipped classroom technology. The goal of the program is justified by the need to use "flipped classroom" technologies in inclusive education, improving students' competence in using this effective toolkit, and increasing the level of motivation and academic performance

*The article was prepared within the project BR21882231 of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan "Conceptual model of ensuring inclusiveness and accessibility in the secondary education system of Kazakhstan".*

**Key words:** inclusive education, "flipped classroom", e-learning, professional competence, motivation, academic performance, special educational needs (OOP), students.

**ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ:** Проведенное нами исследование позволило вывести ряд положений:

– Инклюзивное образование становится новым кодовым знаком для обозначения стремления к преодолению неравенства, обретения нового качества жизни, развиваясь под влиянием высоких требований науки и техники.

– Инклюзивное образование является одним из составляющих образовательной политики государства, направленная на включение всех детей в общеобразовательный процесс.

– В условиях развития инклюзивных процессов в образовании устойчивость, стабильность, мотивация и качество профессиональной деятельности обуславливается особенностями психологической готовности педагога к изменениям.

**ВВЕДЕНИЕ.** Современное развитие инклюзивного образования происходит под влиянием новых требований, вызванных стремительным развитием науки и техники, вызвавшей необходимость разрабатывать оригинальные образовательные подходы к обучению, основанные на современных технологиях и педагогических инновациях [1]. Активно используя принципиально инновационные педагогические технологии в образовательном процессе, мы существенно расширяем возможности обучения в системе инклюзивного образования.

Актуальность научных теорий, находящихся в основе педагогических наук, неоспорима благодаря изучению особенностей мышления и познания личности, которые отвечают за способность к обучению. Когнитивное развитие в контексте инклюзивного образования предоставляет альтернативные возможности для повышения эффективности обучения субъектов с особыми образовательными потребностями (далее – ООП).

Именно поэтому активизируются технологии электронного обучения и перевернутого класса, которые положительно влияют на общую удовлетворённость процессом обучения,

активно вовлекая обучающегося в процесс обучения и повышая уверенность в собственных силах, способствуя развитию когнитивных навыков и компетенций [2].

В свою очередь инклюзивное образование требует значительного внимания к отбору и использованию учебных методик с учетом особых потребностей учащихся [3]. Инклюзия в образовании рассматривается как процесс обучения учащихся с особыми потребностями в условиях общей образовательной среды школы, университета, их социализация и интеграция в общество [4].

Инклюзивное образование предусматривает потребности дошкольников, школьников, студентов и способствует включению их всех, независимо от особенностей в единый образовательный процесс [5]. Поскольку инклюзивное образование предполагает обучение учащихся с особыми потребностями в обычных классах, то при разработке учебных программ и планов это должно быть учтено [6].

Зарубежными исследователями установлено, что технологии электронного обучения и перевернутого класса дают возможность совместить онлайн и оффлайн таким образом, чтобы учебный процесс был эффективным и благоприятным для всех учащихся [7]. Более того, благодаря использованию технологии «flipped classroom», реализуется принцип дуальности обучения, активизируются профессиональные компетенции (коммуникативные, технологические), повышается уровень мотивации, академических показателей, совершенствуются такие показатели, как (креативность, критическое мышление, оперативная память [8]).

Преимуществом технологии «flipped classroom», является достоверность того явления, что школьники при изучении предметного материала на дому, полностью сконцентрированы на процессе познания нового, а в школе подкрепляют на основе прикладной формы (тренинги, упражнения) [9].

Однако, многие исследователи утверждают технологии электронного обучения, не столь эффективны в развитии коммуникативных компетенций личности, поскольку электронное общения не является продуктивным, как процесс живого общения [10].

По мнению многих ученых метод перевернутого класса усиливает успешное развитие креативности, критического и латерального мышления, воображения, поскольку использование интерактивных технологий с видео дает возможность задействовать все участки мозга: зрительную (видео), слуховую (текст, который сопровождает видео) память.

Анализ психологических аспектов зарубежного инклюзивного образования, которое находится на разных этапах развития, показало следующее.

О возможности не просто механически воспроизводить изученный на основе видео теоретический материал, а развивать коммуникативные навыки через общение и взаимодействие с другими детьми, креативность, которая может проявляться при выполнении практических задач, навыки рефлексивного мышления из-за возможного для применения в таких условиях метода рефлексивного диалога, рассуждают [11].

Исследование особенностей инклюзивного обучения в странах Тихоокеанского региона показало, что их система образования основывается на разработке технологий с акцентом на структуру собственной образовательной системы без западного влияния. Однако противоположный подход к организации инклюзивного образования предложили исследователи из Мексики, где эта сфера развивается на уровне Конвенции ООН по правам детей с особыми образовательными потребностями, при этом технологии обучения в целом разрабатываются с учетом требований инклюзивного образования в своей стране [12].

В Кении было проведено исследование, в результате которого было определено причины, по которым эффективность инклюзивного образования может снизиться: отсутствие программного обеспечения, низкий уровень цифровых компетенций, связанных с использованием современных технологий [13].

В Австралии и Новой Зеландии в рамках инклюзивного образования включены три образовательные концепции, способствующие использованию современных технологий и расширению эффективных инструментов, которые именуется как электронное обучение и технология «flipped classroom» [14].

Исследователи из Китая на основе опроса 20 экспериментальных групп доказали эффективность технологии «flipped classroom» в улучшении успеваемости детей с ООП, и как следствие, повышение учебной и познавательной мотивацию. В то же время ученые из

Словакии подчеркивают возможность использования технологии «flipped classroom» для совершенствования когнитивной и познавательной деятельности детей с ООП [15].

Преимуществом технологии «flipped classroom» является универсальность, поскольку его возможно использовать при изучении всех предметов независимо от уровня сложности или направления [16].

Казахстанские исследователи, считают, что многогранность и сверхуниверсальность технологии «flipped classroom», заключается в том, что он применим и для детей дошкольного возраста с учетом специфики их психического развития. Инновационный сценарий «flipped classroom» – это копилка личных достижений ребенка в разнообразных видах деятельности, успехов, положительных эмоций, своеобразный маршрут развития его социальной компетентности и когнитивного поведения [17].

Статья посвящена проблеме сравнительно-педагогического изучения организации и деятельности психологических служб в системе среднего образования Казахстана и стран Большой семерки (G7). Компоративистский подход к исследованию организации и содержания психологической службы в отечественных школах и странах Большой семерки вызвана новыми реалиями и требованиями к психолого-педагогическому сопровождению педагогического процесса школы, нарастанием психологических проблем обучения, воспитания и развития нового поколения школьников. Отмечается, что международный опыт организации психологической службы в школе при грамотной трансформации в отечественную практику общего среднего образования может служить эффективным средством психологической поддержки образовательно-воспитательного процесса и развития личности школьников в казахстанской школе. Заимствование многих передовых практик стран G7 при реформировании образовательных систем, новые реалии обучения и воспитания цифрового поколения школьников, усиление психологических проблем субъектов педагогического процесса актуализирует вопросы сравнительно-педагогического исследования психологических служб за рубежом и возможностей их принятия для массового применения в отечественной практике.

Рассмотрены особенности организации деятельности психологических служб в организациях общего среднего образования США, Великобритании, Канаде, Франции, Италии, Германии и Японии. Проведен сравнительный анализ организации психологической службы в странах G7 и Казахстане в историческо-генетическом и инновационном контексте. Определены некоторые возможности трансформации передовой зарубежной практики в деятельность школьных психологов общеобразовательных школ Казахстана, сделаны выводы и рекомендации. Отмечены круг проблем организации деятельности психологических служб отечественных общеобразовательных школ, решением которых является творческое заимствование передового опыта стран G7.

**Ключевые слова:** школьная психологическая служба; общее среднее образование; организация деятельности психологической службы; сравнительно-педагогическое исследование; страны Большой семерки (G7), трансформация международного опыта, компоративистский подход, психологическое сопровождение педагогического процесса.

Nurzhigitov A. S.,<sup>1</sup> Almetov N.Sh.,<sup>1</sup> Axakalova Zh.K.,<sup>2</sup> Sakhiyeva F.A.<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>South - Kazakhstan State University named after M.O. Auezov, Shymkent, Kazakhstan.

<sup>2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

## COMPARATIVE-PEDAGOGICAL RESEARCH OF PSYCHOLOGICAL SERVICES IN GENERAL EDUCATION ORGANIZATIONS OF KAZAKHSTAN AND THE G7 COUNTRIES

### Abstract

This article addresses the issue of comparative-pedagogical research into the organization and operation of psychological services within the framework of the secondary education system in Kazakhstan and the G7 countries. The comparative approach to studying the organization and content of psychological services in domestic schools and G7 countries is motivated by new realities and requirements for psychological-pedagogical support in the educational process of schools, the increasing psychological challenges of teaching, upbringing, and the development of the new generation of students. It is noted that international experience in organizing psychological services in schools, when properly transformed into domestic general education practice, can be an effective means of providing psychological support for the educational and developmental processes and the personal growth of students in Kazakhstani schools. Borrowing many advanced practices from G7 countries during the reform of educational systems, the new realities of teaching and raising the digital generation of students, and today, various psychological problems among students indicate the need to develop psychological work in schools through comparative research.

The article examines the peculiarities of the organization and operation of psychological services in general education organizations in the United States, the United Kingdom, Canada, France, Italy, Germany, and Japan. A comparative analysis of the organization of psychological services in G7 countries and Kazakhstan is carried out within a historical-genetic and innovative context. Some possibilities for transforming advanced foreign practices into the work of school psychologists in Kazakhstani general education schools are identified, and conclusions and recommendations are made. The article also highlights a range of issues related to the organization of psychological services in domestic general education schools, the solution to which involves creative borrowing of advanced practices from G7 countries.

**Keywords:** school psychological service, general education, organization of psychological services, comparative-pedagogical research, G7 countries, international experience transformation, comparative approach, psychological support of the pedagogical process.

### КІРІСПЕ.

Бүгінгі уақытта білім беру ұйымдарындағы өзекті мәселердің бірі, бұл адам капиталын дамыту. Ел президенті Қ.Ж. Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас Ұлт. Берекелі қоғам» тақырыбындағы жолдауында Қазақстан Республикасының Халқына білімнің бүгінгі уақыттағы маңызын баса айта отырып. Мектептегі әр оқушының жан-жақты дамыған, білімді ұрпақ болуына барлық жағдайдың жасалуын және оның осы мектеп қабырғасында іске асу қажеттігін нұсқап өтеді. Мәселені осы тұрғыдан алып қарар болсақ, мемлекетіміздің әлемнің бүгінгі уақыттағы бағыт-бағдарын назарға алып, болашақта еліміздің тұтқасы болар жас буынға ерекше көңіл бөліп отырғандығын көруге болады. Себебі, тәнімен қатар жаны сау ұрпақ ғана бүгінгі уақыттың талабына сай бәсекеге қабілетті, өзгермелі ортаға бейімделе алатын, саналы тұлға болып қалыптасу мүмкіндігі бар. Ал мұнда орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің маңызы жоғары. Қазақстандағы мемлекеттік деңгейде білім беру үрдісін реттеп отыратын негізгі заңнаманың 5 бабында білім беру саласындағы уәкілетті органдардың «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеп-қарауды және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсе-

туді қамтамасыз етеді» деп белгіленген. Осы арқылы білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің міндеттілігі анық көрсетіледі. Бұл қазіргі жағдайда мектеп саласындағы педагогикалық үрдістің тиімділігі үшін психологиялық жұмыстарға баса назар аударудың қажеттілігін сипаттайды[1,2].

Еліміздегі мектептердегі психологиялық жұмыстар өз бастауын кеңестік психологиядан ала отырып, тәуелсіздіктен кейінгі уақыт аралығында өзінің бір қатар даму жолынан өтті. Мұның айқын дәлелі ретінде біз осы салаға қатысы бар ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбектердің, оқулықтар мен оқу құралдарының пайда болуын, психологиялық қызметті реттеу мақсатында даярланған заңдар мен ережелерді, қағидаларды, түрлі деңгейде ұйымдастырылып өткізіліп жүрген ғылыми-әдістемелік семинарларды, ғылыми-тәжірибелік конференцияларды көрсете аламыз. Аталмыш жұмыстар педагогикалық үрдіске елеулі ықпалы бар мектептегі психологиялық жұмыстарды дамытуға негіз жоқ дегенді білдірмейді. Себебі, уақыттың өзгеруімен қатар ғылым мен техниканың дамуы және оған беймделуге деген қажеттілік орта деңгейде тәрбие мен білім беретін орындарда психологиялық жұмыстарға қатысты жана көзқараспен қарауға шақырары сөзсіз. Бұл жағдай өз кезегінде біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбын

«Қазақстан және Үлкен Жетілік (G7) елдеріндегі орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті салыстырмалы зерттеу» деп алуымызға себеп болуда. Әлемнің кез-келген нүктесіндегі қайбір мемлекет болмасын білім беру, тәрбиелеу ісінде салыстырмалы зерттеулерін күшейте ұйымдастырып, оның тиімділігін арттыруды көздеп отырғандығы белгілі. Оның себебі, ғылым, тәжірибе, жетістік барлығы да кез-келген саладағы жаңалықты көріп, танумен, еңбекпен, ізденіспен, тәжірибе алмасумен ғана дамиды. Осыны көздей отырып, даярланып жатқан зерттеу жұмысымыздың мақсаты Қазақстанның орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті Қазақстан мен Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті салыстырмалы зерттеу негізінде отандық тәжірибеге шет елдік озық үлгілерді ендіру мүмкіндіктерін анықтау деп белгіленді.

### **ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ.**

Адамзат ерте уақыттан бастап ақ, бір – бірімен қарым-қатынаста болып, сауда-саттық, шаруашылықтың түрлі саласын, әскери өнерін, білім мен тәрбие жұмыстарын дамытуда өзге елдердің тәжірибесін зерделеп, салыстырмалы зерттеу әдістерін кеңінен пайдаланған. Ертедегі саяхатшылардың, көпестердің, философтардың еңбектерінен осы мәселелерге қатысты көптеген жазбаларды кездестіруге болатындығын мысал етуге болады. Жалпы алғанда, аталмыш жағдай, адамзат көзін ашқалы салыстырмалы зерттеу жұмыстарын өз қажетіне орай пайдаға асырып келе жатқандығын көрсетеді. Бұл өз кезегінде қарастырылып отырған тақырыптың тарихының тереңде жатқандығын білдірген болар еді. Алайда, аталып отырған жұмыстар Қазақстан және Үлкен Жетілік (G7) елдеріндегі орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті салыстырмалы зерттеу» тақырыбымен байланысты зерттеудің мазмұнын толық қанды аша алмаған болар еді, дей тұрғанмен қаралып отырған тақырыптың зерттеу әдіснамасының құрайтын өзіндік тарихы бар.

Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызмет кәсіби тұрғыда сонау жиырма-сыншы ғасырдың 60 жылдары Америка Құрама Штаттарында қолға алынып, өз жұмысын бастаған болатын. Уақыт өте олар өз жұмыстарының нәтижесінде көптеген мектептерді өз қол астына біріктіре алды. Осылайша орта деңгейде тәрбие мен білім беретін орындардағы психологиялық жұмыстар Америка жерінде бастау алып, үлкен жетіліктің құрамына енетін көптеген мемлекеттерде өркен жайған болатын[3].

Осы мектептегі тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда көрсету саласын зерттеген ғалымдардың алғашқыларының бірі ретінде Американдық психологиялық ассоциациясының негізін қалған Г. Стэнли Холлды атап өтуге болады [4].

Отандық орта білім беру саласында психологиялық қызметпен байланысты бір қатар ғылыми еңбектері бар Жүсіпбек Аймауытұлын, Мағжан Жұмабаевты атап өтіп. В.Я. Струминский, А.П. Нечаев, М.М. Мұқановтарды нұсқап көрсетсек артық болмайды.

Бүгінгі уақыттың өзінде орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық зерттеулер өзектілігін жоғалтпаған, тіпті, қарыштап даму үстінде. Бұл саладағы жұмыстар салыстырмалы зерттеулерге қарағанда, көбіне – көп көшірме жұмыстарына ұқсайды. Мысал ретінде, қазақ тіліне тәржімаланған зерттеу әдістерін, кеңес беру әдістерін, тіпті, зерттеу жұмыстарының нәтижелері жарияланған дереккөздерді жиі кездестіруге болатындығын мысал ете аламыз.

Тәжірибелік зерттеу жұмыстарының барысында «Қазақстандық орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі қызметпен салыстырмалы зерттеу арқылы тиімділігін арттырудың мүмкіндіктері» тақырыбымен байланысты бір қатар материалдарды зерделеу көзделді.

1. Заңдар мен ережелер, нормативтік құжаттар, қаулы, бұйрықтар, психологиялық қызмет ережесі мен әдістемелік басшылық, орта деңгейде тәрбие мен білім беретін орындардағы психологиялық жұмыстарға байланысты құжаттар қатары, Қазақстан мен Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі мектептердегі психологиялық жұмысты ұйымдастыру мәселесі төңірегіндегі арнайы сайттардан алынған материалдар.

2. Зерттеу жұмыстарын іске асыру барысында тақырыппен байланысты фундаменталдық философиялық еңбектерімен қатар педагогика және психологиялық саласындағы зерттеу жұмыстарының нәтижелері жарық көрген ғылыми еңбектер. Зерттеу жұмысына қатысты озық тәжірибелердің нәтижелері таныстырылған әдістемелік жұмыстар мен оқулықтар, оқу құралдары да басты есепке алынды.

Зерттеу жұмысы барысында алға қойылған мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін біз теориялық және эмпирикалық деп аталатын әдістердің екі үлкен тобын қатар пайдалануды жоспарладық.

1. Эмпирикалық әдістер тобының құрамында әдебиеттерді, құжаттарды зерделеу әдісі қолданылу көзделсе;

2. Теориялық әдістер тобының құрамында талдау және жинақтау, абстракциялау және дәріптеу әдістерін қолдану міндеттелген;

Ондағы мақсатымыз әдебиеттерді, құжаттарды зерделеу әдісін қолданылу әдісі арқылы деректерді жинақтау барысында алынған мәліметтерді тексеру және нақтылау үшін қолдану болса, анализ және синтез, абстракциялау және дәріптеу әдістері Қазақстан мен Үлкен жетілік (G7) елдерінің мектеп саласындағы психологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мәселесімен байланысты зерттеу материалдарын талдап және қайта бір мазмұнға жинақтап, оны жан-жақты түсіндіру болды. Зерттеу жұмыстары барысында, бұл аталғандардан бөлек тақырыппен байланысты орта мектептердегі психологиялық жұмыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау мақсатында компаративист және аналогиялық зерттеу әдістері де басты назарға алынды.

## **НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ**

Нақты тәжірибелік зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстандық мектептердегі психологиялық жұмыстарыды Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі қызметпен салыстырмалы зерттеу арқылы тиімділігін арттырудың мүмкіндіктерін анықтау мақсатында нақты орта білім беру ұйымдарындағы тәжірибе жағдайында зерттеу жұмыстарын өткіздік. Онда көзделген мақсатпен міндеттерді іске асыруға мүмкіндік берген зерттеу әдістерін ұйымдастыру барысына тоқталып кетер болсақ, алғашқылардың бірі болып эмпирикалық әдістер қолданыс тапты. Оны іске асыру барысында мақалаларды, әдебиеттерді, ғылыми әдебиеттерді, оқулықтар мен оқу құралдарын, құжаттарды зерделеу әдістері ұйымдастырылып, нәтижелері алынды. Бұл жұмыстардан өзге де теориялық әдістер, оның ішінде анализ әдісі

арқылы талдау жұмыстары және синтез әдісі негізінде алынған нәтижелерді қорытындылап жинақтау әдісі қолданылды. Абстракциялау және дәріптеу әдістері де зерттеу барысындағы жұмыстарда пайдаланылған болатын.

Зерттеу жұмыстарының анықтау эксперименті барысында алынған мәліметтер Қазақстан мен Үлкен жетілік (G7) елдерінің орта деңгейде тәрбие мен білім беретін орындардағы психологиялық жұмыстардың мазмұнын анықтауға мүмкіндік беретін дереккөздер ретінде маңызды деп есептеліп, назарға алынды.

Зерттеу барысы көрсеткендей, тәжірибе өткізілген мекемедегі психологиялық қызмет көрсету жұмыстары ҚР Заңдарымен сонымен бірге заңнамалары арқылы бекітілген нормативтік құжаттарды басшылыққа ала отырып, ұйымдастырылатындығы белгілі. Олардың бірі, әрі бірегейі ретінде Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңын атап көрсетуге болады. Ол жерден мектептердегі психологиялық жұмыстың қалай, кіммен ұйымдастырылуы, қажеттілігі жөнінде ережелер мен талаптардың бастапқы қадамдарын көруге болады. Орта деңгейде тәрбие мен білім беретін орындарда психологиялық жұмыстарды іске асыруға жауапты және оған қатысы бар ұйымдар осы заңдарды, баптарды басшылыққа ала отырып, өз жұмыстарын жүзеге асыра отырып, қажеттілігіне орай талаптар мен ережелерді жасақтап, жұмыстың жалпы мазмұнын анықтап, әдістемелер мен әдіс-тәсілдер, нақтылы іс-шараларды жоспарлап, іске асырмақ [2].

Бұл жағдай да кез-келген мемлекеттің қандайда бір қызмет саласы болмасын оны заңмен реттеуге күш салатындығын ескерсек, мұның Үлкен жетілік елдеріне тән екендігін түсіну қиын емес. Тіптен бұл мәселені реттеумен байланысты психологиялық қызметтің рөлі мен мақсат – міндеттері, психологиялық қызметтің этикасы, құқықтық ережелері мен оған қойылатын талаптар секілді алғашқы жұмыстар сонау ХХ ғасырдың екінші жартысында АҚШ-да жүзеге аса бастағандығын жоғарыда атап өткенбіз [4].

Мұндай үрдістің барысын Үлкен жетілік елдерінің құрамына енетін мемлекеттердің көпшілігінен байқауға болады. Бұған мысал ретінде Ұлыбритания мемлекетін келтіруге болады. Кейбір дерек көздерде Ұлыбританияда елдің Конституцияда Білім беру мәселесі қозғалмаған. Осы себепті білім беру үрдісі заңдармен басқарылатындығы айтылып өтіледі. Үздіксіз білім берумен қамтамасыз ету, Ұлыбритания мемлекетінде 1870 жылдан бастап міндеттелген болатын. Бұл жағдай осы саладағы психологиялық қызметтің қажеттілігін арттыра отырып, сол уақыттағы орта білім беру ұйымдарында еңбек етіп жүрген психологтардың санына да елеулі ықпалын тигізген болатын [5].

Орта деңгейде тәрбие мен білім беретін орындарда психологиялық жұмыстардың тиімділігіне, ондағы қызметкерлердің санының да себеп боларын ескерер болсақ, бұл оған қатысты ақпараттар мен дереккөздерге назар аудару қажеттілігін тудырады. Сонымен Ұлыбритания мемлекетіндегі мектеп саласындағы психологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мәселесімен байланысты іс-әрекеттер ертерек басталғанымен іс жүзінде 1920 жылдары АҚШ – тан келген болатын. Психологиялық қызмет түрі пайда болғаннан кейін, онымен қатысушыларды қамтамасыз ету, кадр мәселесі де қатар туындады. Уақыт өте, жаңа талап, тілектердің пайда болуы, осының аясында 1944 жылы жарыққа шыққан «Білім туралы Заң» жобасында бұл мемлекетте физикалық мүмкіндігі шектеулі, беймделу мүмкіндігі төмен, қалыптан тыс ауытқуы бар балаларды да дұрыс біліммен қамтамасыз ету талабы қойылған болатын. Бұл академиялық мүмкіндігі шектеулі балаларды дұрыс түсініп, олармен жұмыс жасаудың тиімділігін арттыру үшін, психологтардың қатарын толықтыру қажеттігін тудырды. Андервуда комитеті балаларға кеңес беру клиникалары мен мектептегі қызмет көрсету орындарында психологтарды жалға алумен орналастыру жақсартудың қажеттілігін көрсетіп кеткен болатын. Ұлыбритания мемлекетінде сонау 1960 жылдардың өзінде штатта жұмыс жасайтын психологтардың саны 326 – ны құраған. Ол кезеңде 10 000 оқушыға 1 психолог штатының болуы талап етілген болатын. 2004 жылдары 2647 штатты құрады. Бұл орта есеппен бір педагог-психологқа 2757 оқушыдан келетіндігін көрсетеді. Кей деректерде

педагог-психологтардың штаттық жеткіліксіз деген мәселе көтеріліп, мұны осы саладағы айлық жалақының төмен болуымен де байланыстырады[6].

Осы мәселенің төңірегінде Ұлыбритания Парламентінің мүшесі Lord Austinnің Білім беру министрлігіне қойған сұрағына, берілген жауаптан 2010 жылдан бері қарай шынында бұл көрсеткіштің біртіндеп төмендеп отырғандығын байқауға болады. Бұл берілген сұраққа Conservative Nick Gibbтің 2017 жылдың 17 қаңтарында «2010 жылдан бері қарай Англияның жергілікті билік ұйымдарына тіркелген педагог-психологтардың санын кестеде ұсынамыз. Жергілікті билік ұйымдарының барлығы бірдей (68-74 пайызы) сұралған ақпаратқа жауап беріп отырмағандықтан, бұл жыл сайынғы педагог-психологтардың санының төмендеуіне әкеліп соғуда» деп көрсетіп өтеді (Кесте 1).


Кесте 1 -2010 жылдан бері қарай Англияның жергілікті билік ұйымдарына тіркелген педагог-психологтардың саны.

Жылдары	2010ж.	2011ж.	2012ж.	2013 ж.	2014ж.	2015ж.
Сандық көрсеткіш	1900	1750	1700	1700	1750	1650

Үлкен жетілік мемлекеттерінің құрамына енетін елдердің барлығындағы орта білім беру ұйымдарында психолог маманы жеткілікті деп айту қиын. Мысал ретінде Германияны ала отырып, осы сұрақтардың көтерілгендігін ондағы көптеген дереккөздерде кездесетіндігін алға тартуға болады. Солардың біріне нақтырақ тоқталар болсақ, 2014 жылы қазан айының 12 және 14 жұлдызында Ландсхуте өткен мектеп психологтарының 21 – ші Федеральдық конгресі.

Онда орта білім беру ұйымдарындағы психологтарының санының жеткіліксіздігі маңызды сұрақ ретінде көтеріле отырып, ондағы зерттеулер бойынша он алты федералдық аумақтың үшеуінде ғана мектеп психологтарына деген қажеттіліктің ең минималды талаптарын қанағаттандырып отырғандығын көрсетіп өткен. Бұл өз кезегінде сонау 1973 жылдардағы талаптардың өзін әрең қанағаттандыруға жететіндігі айтылады[8].

Ақпарат мектептегі жұмыс күшін анықтау мәселесімен байланысты жазбалардан алынды. Берілген мәліметтер 50 санына дейін дөңгелектеліп ұсынылған. Оқырманға түсінікті болу үшін. Ақпаратты диаграмма түрінде ұсынатын боламыз[7] (Сурет 1).



Сурет 1. 2010 жылдан бері қарай Англияның жергілікті билік ұйымдарына тіркелген педагог-психологтардың сандық көрсеткішінің динамикасы




Осы үлкен жетілік елдерінің бірі Америка Құрама Штаттарында да мектеп психологтарына ерекше назар аударылған. Бүгінгі уақытта осы мемлекеттегі психологтар ассоциациясының кеңесшілері екі жүз елу оқушымен бір психологтың жұмыс жасауы өзінің тиімді нәтижесін береді деп есептеп отыр[9].

Психологиялық қызмет көрсету жұмыстары бір тұтас педагогикалық үрдістің мазмұнын құрайтын жұмыстардың бірі ретінде Қазақстандық мектептер үшін оқу-тәрбие жұмыстарын дұрыс әрі тиімді іске асырудың маңызы жоғары. Бұл жұмыстар көптеген дамыған шет елдердегі секілді Мемлекеттік деңгейде Білім беру саласындағы арнайы кодекстің негізінде іске асырылып отырған жайы бар. Тіптен мектептегі психологтардың саны, білім алып жүрген бала санымен байланысты реттеліп отыр. Мұның бір дәлелі ретінде Үкіметтің Республикалық деңгейде 2008 жылдың қаңтар айының 30 жұлдызында бекітілген №77 заңды күші бар қаулысын атап өтуге болады. Мұнда мектептегі педагогикалық ұжымның барлығына қатысты, атап айтар болсақ директордың оқу тәрбие, шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасарларынан бастап педагог-психологтарды бірге қарастырғанда оларға қатысты үлгілер мен белгілі бір шарттар белгіленген. Мектеп ішінде қарастырылған сынып саны 6-ға дейін болған жағдайда педагог-психолог лауазымын атқарушыларға 0,5 штат, 6-21 сынып үшін 1 штат, 21-29 сынып үшін 1,5 штат бөлінетіндігі нұсқалады. Егер сынып 30 не одан көп болса, 2 штат бөледі деп аталып көрсеткен (Кесте 2)[10].

*Кесте 2 – Қазақстанда жалпы білім беретін мектептердегі оқушы санымен байланысты педагог-психологтардың штаттық көлемі.*

Көрсетілетін қызмет атауы	Мектепке даярлық топтарын қоса қарастырғандағы, сынып санымен (сыныпты құраушылардың) байланысты бекітілетін штаттың көлемі						
	6 сынып-ка дейі	6 мен 10 сынып арасы	11 мен 13 сынып арасы	14 мен 16 сынып арасы	17 мен 20 сынып арасы	21 мен 29 сынып арасы	30 және бұл көрсеткіштен көп болған жағдайда
Штат көлемі	0,5	1	1	1	1	1,5	2

Ал енді осы тұста Қазақстан мен Үлкен жетілік елдерінің құрамына кіретін АҚШ орта білім беру ұйымдарының психолог мамандармен қамтамасыз етілу барысымен салыстырудың реті келіп тұр. АҚШ психологтар ассоциациясының ұсынысы бойынша 250 оқушымен 1 психолог жұмыс жасаса ол тиімді болмақ деп көрсетіледі. Қазақстандық орта деңгейде тәрбие мен білім беретін орындарда психологиялық жұмыстарға ұйымдастыру жағдайында, мемлекетіміздің 2008 жылдың қаңтар айының 30 бекітілген номері 77 қаулыны басшылыққа ала отырып. Орта есеппен бір мектепте 19 сынып бар делік, онда әр сыныпта шамамен 25 оқушыдан деп есептер болсақ. Шамамен бір педагог-психологқа 475 оқушыдан келетіндігін көруге болады. Бұл өз кезегінде екі елдің мектеп оқушыларының психологиялық қызмет көрсететін мамандармен қамтамасыз етілуінде, ерекшеліктің бар екендігін көрсетеді [9,10] (Сурет 2).



Сурет 2. АҚШ психологтар ассоциациясының ұсынысы бойынша және Үкіметтің 2008 жылдың қаңтар айының 30 Қазақстан Республикасы деңгейінде енгізілген №77 Қаулысын басшылыққа ала отырып есептегендегі 1 психологқа шаққанда оқушы санының көрсеткіші

Біздің тәжірибелік зерттеу жұмыстарымыздың барысында басты нысанаға алынған мәселелердің тағы бірі, бұл орта деңгейде тәрбие мен білім беретін орындарда психологиялық жұмыстардың әдістемелік және технологиялық қамтамасыз етілуі. Аталмыш жұмыстар Үлкен жетіліктің (G7) құрамына енетін мемлекеттерде мықтап қолға алынған. Мысалы ретінде осылардың біріне тоқтала кетер болсақ, Америка құрама штаттарындағы мектептегі психологиялық жұмыстардың мазмұнына елеулі ықпалы бар Американдық психологиялық ассоциацияны алға тартып көрсетуге болады.

Ондағы орта деңгейде тәрбие мен білім беретін орындарда психологиялық жұмыстарды ұйымдастыру іс-әрекетінде осы ассоциацияның орны жоғары маңызға ие. Кеңінен түсіндіретін болсақ, мұндағы психологиялық ассоциация психологиялық қызмет көрсету мәселесімен байланысты стандарттарды қабылдау, бекіту жұмыстарымен бұдан өзге кәсіби біліктілікті анықтайтын құзыреттіліктерді белгілеу, сәйкестілігін дәлелдейтін сертификат беру жұмыстарын да атқарады. Орта деңгейде тәрбие мен білім беретін ұйымдарда психологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мәселесін оңтайландыруды мақсат тұтқан зерттеу жұмыстары ұйымдастырылып, нәтижелерін арнайы ғылыми журналдарда жариялап жаңалықпен бөлісу жұмыстарында қоса атқарады десек, қисынсыз емес. Тіпті, Орта деңгейде тәрбие мен білім беретін ұйымдардағы психологиялық жұмыстардың мақсат, міндетін, мазмұнын анықтау ісінде де осы ассоциацияның алар орны ерекше. Бұл құбылыс Үлкен жетілік (G7) елдерінің көпшілігіне тән, мысалы, АҚШ-та мектеп психологтарының ассоциациясы (NASP) жұмыс жасаса, Британияда психологиялық қауымдастығы, Германияда «Неміс Psychology e.V. Society (DGPs) – зерттеу және оқыту саласында жұмыс істейтін психологтардың бірлестігі» жұмыс атқарады. Сонымен қатар ҚР - да «Қазақ психологиялық қоғамы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі деп аталатын кәсіби психологтар сайты бар. Дегенмен зерттеу талдау барысы бұлардың жұмыс мазмұнында елеулі айырмашылықтар бар екендігін көрсетті. Нақтылап айтар болсақ Үлкен жетілік (G7) елдерінің құрамындағы мемлекеттердің көпшілігінде бұл саланың жолға қойылғандығын көруге болады.

Орта білім беру ұйымдарындағы тәжірибелік зерттеу барысында біз мектептегі психолог жұмысына етене араласа отырып, «Үлкен жетілік» (G7) елдері мен Қазақстанның жалпы орта білім беру ұйымдарындағы іске асырылатын психологиялық қызмет көрсету жұмыстарының мазмұнын салыстыра зерттеу арқылы терең талдауға мүмкіндік алдық. Бұл орайда біз «Үлкен жетілік» (G7) елдерінің құрамына енетін бір қатар елдердегі осы салада атқарылып отырған жұмыстарға тоқталып кете аламыз. Сонымен «Үлкен жетілік» (G7) елдерінің беделді мүшелерінің бірі болып есептелетін Америка Құрама Штаттарында орта деңгейде тәрбие мен білім беретін ұйымдарда психологиялық жұмыстарды көрсету жұмыстарының негізгі он бағыты жұмыс жасайды. Атап айтқанда:

Осылардың арасында психологиялық зерттеу жұмыстары арқылы, алынған мәліметтердің негізінде шешім қабылдау, кеңес беру, өз ара ынтымақтастық, оқу іс-әрекетіне араласу және қолдаудан бастап, баланың мінезін түзетіп-дамыту, оқу іс-әрекетін ынталандыру, қауіпсіздік, қолдау мәселелерін ерекше атап өтуге болады. Мұнан өзге мектептегі әлеуметтік ортада пайда болып жатқан әртүрлі популяциялық құбылыстарды зерттеп баға беру шынайылық пен валидтілікті қамтамасыз ету мәселесі де ерекше назар аударуға лайықты. Себебі бұл мектептегі түрлі оқыс оқиғалардың алдын-алуға мүмкіндік береді. Тағы бір ерекше тоқталып өтетін жағдай ұйымдастырылған жұмыстар нақты тәжірибелер арқылы дәлелденіп, бекітілетіндігі. Яғни тәжірибе жұмыстары қалыптасқан жағдайға нақты, дұрыс баға беруге мүмкіндік беріп, нәтижелі жұмыс атқаруға жол ашады.

Қазақстандық орта деңгейде тәрбие мен білім беретін ұйымдардағы психологиялық жұмыс жағдайында бұл аталып отырған мәселелер толығымен жоқ деп айта алмаймыз. Себебі жұмыс жоспарының мазмұнынан кездестіруге болады. Дегенмен мен де нақты аталған тақырыптық жұмыстар оның сапасына ықпал етеді деп қарастыруға болады [11].

Америка Құрама Штаттарындағы мектеп психологтарының ұлттық қауымдастығы арқылы ұсынылған жұмыстар мектептегі психологиялық қызметті тиімді іске асыруға мол мүмкіндігін жасап отыр. Аталған мәселеден басқа, Англия жерінде мектептегі оқушылардың тәрбие мен білім алуына жайлы жағдай жасау мақсатында, психологиялық қызметке ерекше назар аударылған. Мұнан өзге осы «Үлкен жетілік» (G7) елдерінің бірі – Ұлыбритания мемлекетінде орта деңгейде тәрбие мен білім беретін ұйымдарда психологиялық жұмыстарды көрсету мәселесіне жоғары көңіл бөлінген. Бұл жөнінде Д Келли 2000 жылы «Білім және жұмыспен қамту» департаменті жүргізген зерттеуі бойынша берген есебінде жан-жақты тоқталып өткен. Орта деңгейде тәрбие мен білім беретін ұйымдарда психологиялық жұмыспен байланысты жасалған жан-жақты, терең талданған есеп осы елде аталмыш мәселеге қатысты жұмыстардың да жүйелі, әрі-жан жақты ұйымдастырылатындығын көрсетеді [12].

Үлкен жетілік елдерінің құрамына кіретін келесі мемлекет бұл – Италия. Италия мектептеріндегі психологиялық жұмыстардың да Қазақстандық орта білім беру ұйымдарымен салыстырғанда едәуір ерекшелігінің бар екендігін көруге болады. Мысал келтірер болсақ негізгі бес бағыттың ішіндегі біріншісі «Оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруға және өмірлік дағдыларды дамытуға қолдау көрсету» деп аталынады. Мұнда зерттеу жұмыстары не түзету-дамыту жұмыстары деген атауға қарағанда жұмыстың мақсатты, әрі нақты екендігін байқауға болады. Аталып отырған жұмыстан басқа мұнда баланың жеке басын тікелей өз бетімен дамытуға ықпал ете отырып, таным әректін ынталандыратын оңтайлы орта құру міндеті тұр. Егер оқушылардың арасында арнайы білім беруді қажет ететіндер болса, оқушылар қандай да бір тәуелділікке, бұзақылар тарапынан күш көрсетуге, қорқытуға тап болса. Не болмаса баланың күн тәртібі бұзылып, тамаққа тәбеті болмаса, өзін ыңғайсыз сезініп, бойынан девиантты мінез-құлық байқалса оларды мүмкіндігінше ерте анықтап, арнайы жұмыстар ұйымдастырылады. Бұл осы бағыттағы іс-әрекеттің бүгінгі уақытта нақты қиындықтарды шешуге бағытталғандығын көрсетеді. Аталмыш мәселелерден өзге

оқушылармен қарым-қатынаста мұғалімдерге мұғалімдерге қолдау көрсету және үйрету жұмыстары да назардан тыс қалмаған [13];

Канада, бұл үлкен жетілік елдерінің бірі мұндағы психологиялық қызмет жұмыстары көп жағдайда Американдық жүйемен ұқсас келеді. Ерекше атап өтетін жағдай психолог мамандар өзін-өзі реттеу құзыреттілігіне ие, әрбір провинциялық реттеуші орган кәсіби тәжірибесі үшін жауапкершілікті өз мойнына алады. Мұның себебі әрбір провинциядағы осы мәселе әртүрлі болуы мүмкіндігімен түсіндіріледі [14].

Франция бұл үлкен жетілікті құрайтын мемлекеттердің белді мүшесі. Аталып отырған мемлекетте мектептегі педагогикалық үрдістің тиімді іске асуына сеп болып отырған психологиялық жұмыстардың мазмұны жоғары деңгейде ұйымдастырылып отыр. Тиянақты жолға қойылған, үнемі әрі жүйелі даму түрлі құзыретті ұйымдардың тарапынан әрдайым бақылауда. Психологиялық жұмыстар негізгі төрт бағытта ұйымдастырылады:

1) Баланың қиындықтарын түсініп, негізгі мәселерді ұғынуға бағытталған жеке және отбасылық әңгіме ұйымдастыруы;

2) Психикалық дамуға баға беру үшін клиникалық немесе психометриялық зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

3) Мектепте және сыныпта бақылау;

4) Психоэфективті сипаттағы белгілі бір эпизодтық қиындықтардың шешімін табуға психикалық қолдау жасау.

Мұнда Қазақстандық мектеп саласындағы психологиялық жұмыстан ерекшелетін жағдайлардың бірнешеуін атап өтуге болады. Францияның мектептеріндегі психологиялық жұмыстардың алғашқы бағыттарының бірі «Баланың қиындықтарын түсініп, негізгі мәселерді ұғынуға бағытталған жеке және отбасылық әңгіме ұйымдастыруы». Әрине Қазақстандық орта деңгейде тәрбие мен білім беретін ұйымдардағы психологиялық жұмыстардың мазмұнында бұл жеке бағыт ретінде аталып көрсетілмеген. Жұмыс мазмұнында бір не екі іс-шара ретінде жоспарланады. Бала тәрбиесінде ата-ананың маңызды орында тұратынын ескерсек, бұл бағыттағы жұмыстың маңызының артатындығын көруге болады.

Психоэфективті сипаттағы белгілі бір эпизодтық қиындықтардың шешімін табуға психикалық қолдау жасау жұмыстары Францияның орта деңгейде тәрбие мен білім беретін ұйымдардағы психологиялық жұмыстардың тағы бір ерекшелігі деп қарастыруға болады. Нақты қалыптасқан жағдайды шешуге бағытталған психологиялық жұмыс, мәселенің оң әрі, тиімді шешімін табуға мол мүмкіндік жасайды [15];

Үлкен жетілік елдерінің тағы бір белгілі мүшелерінің қатарында біз Жапон мемлекетін нұсқап көрсете аламыз. Жапондық орта білім беру ұйымдарында психологиялық жұмыстар балалардың мектеп пен үй жағдайында кездесетін, сонымен қатар мектеп өміріне бейімделумен байланысты мектепке барудан бас тарту, мектепті жатырқау, қорқу секілді бір қатар қиындықтарын шешуде педагогикалық психология және даму психологиясының әдістерін пайдаланады. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қызмет балалардың денсаулық, академиялық іс-әрекет, әлеуметтік ортада туындайтын психологиялық сұрақтарға қатысты мәселесін шешуге бағыттала жүргізіледі. Психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары келесі үш кәсіп иесіні сынып жетекшісі, мектеп мұғалімі, мектептегі кеңесшілер, психологиялық – педагогикалық қолдау көрсететін мектеп қызметкерлерінің қатысуымен бірге іске асырылады.

Мектептегі психологиялық-педагогикалық қызмет келесі үш кезеңге бөліне отырып ұйымдастырылады:

Бірінші, мұнда әрбір баламен профилактикалық және дамыту жұмыстары ұйымдастырылады. Бұл өз кезегінде баланы мектепке даярлау мен бейімдеу жұмыстарын қамтиды. Мұнан өзге баланы стресске қарсы тұра білуге үйретіп, өз-өзіне қол жұмсаудың алдын-алуға даярлау бағдарламалары да осы жұмыстардың қатарын толықтырады. Бұл жұмыстар

дамуында ерекшелігі бар балаларды қоса алғанда, өзара түсінісетін, ақылды сыныпты қалыптастыруды қолдау шараларында өз құрамына кіріктіреді.

Екінші, қолдау жұмыстары: балалардың қандайда бір психологиялық және өзге де қиындықтармен күресі, мысалға сыныпта өз-өзін шектеп қарым-қатынасқа түспеу, оқуға деген қызығушылықтың болмауы, мектепке келуге деген ынтасының жоқтығы. Осы секілді көптеген мәселелерді ерте анықтау және оны шешу жолдарын өз уақытында ұсынып, жүзеге асыру жұмыстары;

Үшінші, қолдау жұмыстары: бұл мектептен бас тарту, өзгелердің мазағына тап болу, құқық бұзушылық және өзгелермен қарым-қатынаста қатыгездік көру секілді көптеген нақты жағдайларға тап болған балаларға қолдау жұмыстарын қамтиды. Әрбір баланың тап болған жағдайын жекелей қарап, соған сәйкес көмек көрсету; [16].

Біз зерттеу жұмыстары барысында Отандық мектептердегі психологиялық жұмыстардың тиімділігін арттырудың мүмкіндіктерін анықтау мақсатында, арнайы тәжірибелік іс-әрекеттерді ұйымдастыра отырып, мектептегі психолог құжаттарына және оның іс-әрекетінің мазмұнына талдау жұмыстарын өткіздік. Зерттеу жұмыстары барысында жоғарыда тоқталып өткен нормативтік құжаттармен қатар мектеп психологының әрекет ету аумағын анықтау мақсатында іс-номенклатурасына және психологтың жұмыс жоспарына назар аудардық. Мұндағы белгіленген құжаттар тізбесі орта білім беру ұйымындағы психолог жұмысының мазмұнын зерделеу жұмыстарына мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, мектеп психологының жұмыс жоспарына назар салсақ, орта білім беру ұйымдарына арналған психологтың жұмыс жоспары жылдық, жарты, тоқсандық, күнтізбелік деп бөле қарастырылады. Әрине, айтылып отырған жұмыстардан өзге кеңес беру жұмыстарының тіркеу журналы, психодиагностикалық жұмыстардың құжаттары (мәліметтер, анкеталар, сауалнамалар, есебі), түзету, дамыту әдістемелері жеке жоспардағы іс-шараларды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар және жұмыстарды іске асыруға мүмкіндік беретін әдістемелік құралдар қатары болып табылады десекте болады.

Іс-номенклатурасында осылардың қатарында аталатын жұмыстардан өзге тренингті өткізу құжаттары (жоспар, мәлімет суреттері), тәртібі қиын, қиынға бейім оқушылардың жұмыс құжаттары (тізім, мәліметтер), дарынды оқушылармен жұмыс құжаттары (мәліметтер, анкеталар, сауалнамалар, есебі), үлгерімі төмен оқушылармен топтық түзету-дамыту жұмыстарының құжаттары (мәліметтер, анкеталар, сауалнамалар, есебі), ҰБТ, ОЖСБ психологиялық дайындық жұмыстарының құжаттары (мәліметтер, анкеталар, сауалнамалар, есебі) бар.

Ал енді осы жерде бұл құжаттар мен байланысты жұмыстар жылдық және тоқсандық, айлық жұмыстардың мазмұнына ендіріледі ме? Әрбір аталған жұмыстың бағыты бойынша жекелеген жоспар мен есеп құжаттары даярланады ма? Бір мекемедегі осынша құжатты реттестіріп отырған жалғыз психологтың жұмысы өзінің тиімді нәтижесін қалай бермек? Бүгінгі таңда жасалынып жатқан жұмыстардың нәтижесі осы секілді көптеген заңды сұрақтар қатарын тудыратындығы белгілі. Әрине бұл өз кезегінде осы саланы дамытудың мүмкіндіктерін қарастыруды қажет етендігі сөзсіз.

### **ҚОРЫТЫНДЫ.**

Қазақстан мен Үлкен жетілік (G7) елдеріндегі орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті салыстырмалы зерттеу негізінде отандық тәжірибеге шет елдік озық үлгілерді ендірудің кейбір мүмкіндіктері анықталды. Атап айтқанда, отандық жалпы білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметті жаңа сапалық деңгейге көтеру үшін мына мүмкіндіктердің қатарын ескерген дұрыс деп есептейміз:

- Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің мазмұнын заңды жолмен реттеп, жүйеге келтіру мүмкіндігі. Заңды күші бар құжаттармен бекіту арқылы біз педагог-психологтардың міндеттері мен құқықтарын бекітіп ғана қоймай, сонымен қатар бұл психологтардың жұмысына қажетті құжаттардың тізбесін, атқаратын жұмыстардың бір-

қатарын нақты бекітуге де мүмкіндік береді. Біз жоғарыда осы мектеп педагог-психологының жұмыс мазмұнын зерделеу барысында айтып өткеніміздей, бірқатар қарама-қайшылықтың бар екендігін ескерер болсақ, орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің мазмұнын заңды жолмен реттеу мүмкіндігі, бірден маңызды орынға көтеріледі.

- Жалпы орта мектептердегі психологиялық жұмысты дамытудың тағы бір мүмкіндігі - бұл әдістемелік жұмыстар қатарын жетілдіру. Мектептегі психологиялық жұмыстарды ұйымдастырудың жаңа, тиімді формалары мен әдіс-тәсілдерін кіріктіру өте маңызды болып табылады. Себебі, уақыттың талабына сәйкес әрекет етіп, оң нәтиже беру үнемі жаңалықты қажет етеді.

- Жалпы орта мектептердегі психологиялық жұмыстың мазмұнын ретке келтіру, жүйеге салу, жетілдіру ісі осы саладағы жұмыстардың тиімділігін арттырудың тағы бір мүмкіндігі болмақ. Мұның себебі атқарылатын жұмыс нақты, өлшеуге келетін, белгілі бір уақыт шегін қамтитындай, қолжетімді болуы керек, нақтылық болмаған жерде нәтижені көруде қиын.

- Жалпы орта мектептердегі психологиялық жұмысты дамытудың тағы бір мүмкіндігі, осы салада еңбек етуші қызметкерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттырумен байланысты. Себебі, күн өткен сайын пайда болып жатқан өзгеріс көп. Сонымен бірге туындайтын мәселелердің де қатары жаңарып отырады. Оны шешуге жаңа білім мен білік керек. Ал бұл үшін дайындық пен білімді үнемі жаңартып отыру ләзім;

- Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық жұмысты дамытудың ақпараттық - технологиялық мүмкіндігін арттыру осы саланы жаңғыртудың тағы бір бағыты. Ақпараттық технологияны пайдалану орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық жұмысты ұйымдастыру барысында ақпарат жинақтауды, таратуды, алмасуды онтайландырумен ғана шектелмейді. Сонымен қатар осы жұмысты жылдам, сапалы іске асыруға мүмкіндік береді;

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.*

1. Мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан Халқына жолдауы. – 2022 жылғы 16 наурыз. [Электронды ресурс].–URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416> (қаралған күні 16.08.2022)

2. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. [Электронды ресурс].–URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_) (қаралған күні 25.09.2022)

3. *History of psychology. New World Encyclopedia (NWE).* [Electronds resource].–URL: [https://www.newworldencyclopedia.org/entry/History\\_of\\_psychology](https://www.newworldencyclopedia.org/entry/History_of_psychology) (reviewed on 26.02.2023)

4. Hilgard, E.R. (2010). Hall, G. Stanley (1844–1924). In *The Corsini Encyclopedia of Psychology* (eds I.B. Weiner and W.E. Craighead). [Electronds resource].<https://doi.org/10.1002/9780470479216.corpsy0398>(reviewed on 20.02.2022)

5. Корф Д.В. Правовые основы современной образовательной системы Велико-британии. // Научная электронная библиотека «КиберЛенинка» – 2010г. [Электронды ресурс].–URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovye-osnovy-sovremennoy-obrazovatelnoy-sistemy-velikobritanii> (дата просмотра 26.09.2023)

6. Geoff Lindsay, *Educational psychology in England and Wales, Journal of School Psychology, Volume 23, Issue 4, 1985, Pages 305-317,* [Electronds resource].<https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0022440585900433?via%3Dihub> (reviewed on 23.02.2023)

7. Source: *School Workforce Census. Figures are rounded to the nearest 50. Written questions, answers and statements. UK Parliament. Written questions, answers and statements. Educational Psychology. Question for Department for Education. UIN 59084, 9 January 2017.* [Electronds resource]. <https://questions-statements.parliament.uk/written-questions/detail/2017-01-09/59084> (reviewed on 20.02.2022)

8. *Pressemitteilung des 21. Bundeskongresses der Schulpsychologen vom 12. und 14. Oktober 2014 in Landshut: «Katastrophale versorgung mit schulpsychologen».* [Electronds resource]. <https://www.psychologenaakademie.de/allgemein/katastrophale-versorgung-mit->



psychologienakademie.de/allgemein/katastrophale-versorgung-mit-schulpsychologen/#:~:text=Die%20Sektion%20Schulpsychologie%20im%20BDP,Lehrkr%C3%A4fte%20ein%20Schulpsychologie%20zur%20Verf%C3%BCgung. (reviewed on 20.02.2022)

9. Does Your State Have Enough School Psychologists and Counselors? *EducationWeek*. By Maya Riser-Kositsky – March 28, 2022 2 min read// [Electronds resource]. <https://www.edweek.org/leadership/data-does-your-state-have-enough-school-psychologists-and-counselors/2022/03#:~:text=The%20National%20Association%20of%20School,of%20school%20psychologists%20to%20students> (reviewed on 20.02.2022)

10. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі итаттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысы. [Электронды ресурс].– URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077> (қаралған күні 16.08.2022)

11. National Association Of School Psychologists (Nasp). *NASP Practice Model Organization and Management of School Psychological Services*. [Electronds resource]. <https://www.naspon-line.org/standards-and-certification/nasp-practice-model/about-the-nasp-practice-model> (reviewed on 30.09.2022)

12. D Kelly. *This research was undertaken by the Department for Education and Employment. (DfEE) during 1999. - 2000.* [Electronds resource]. <https://assets.publishing.service.gov.uk/media/5a7c237ced915d0b036b541e/5102.pdf> (reviewed on 30.09.2022)

13. Daniela B, Patrizia C, Cristiana G, Sofia M, Virginia M, Silvia S, Silvia R.V. *lo psicologo scolastico cenni normativi e buone prassi // Editore Ordine degli Psicologi del Piemonte [Risorsa elettronica].– URL:https://ordinepsicologi.piemonte.it/wp-content/uploads/2021/06/ LOPSIKOLO-GOSCOLASTICO. pdf (visualizzato il 16.12.2022)*

14. Montreuil, T. C. (2016). *The Practice of School and Educational Psychology in Canada: The Best Is Yet to Come.* *Canadian Journal of School Psychology*, 31(3), 155-159. [Electronds resource <https://doi.org/10.1177/0829573516655231> (reviewed on 30.09.2022)

15. *Le modèle global et intégratif de la psychologie scolaire au Québec Comité scientifique du Conseil d'administration de l'AQPS Activité précongrès 2021// [Electronds resource [https://aqps.qc.ca/images/Activit%C3%A9\\_pr%C3%A9congr%C3%A8s\\_AQPS\\_2021.pdf](https://aqps.qc.ca/images/Activit%C3%A9_pr%C3%A9congr%C3%A8s_AQPS_2021.pdf) (reviewed on 30.09.2022)*

16. 教育クロデックス 53-教育分野の心理的基礎 [Electronds resource <https://psychologist.x0.com/terms/553.html> (reviewed on 30.09.2022)